| | | шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Көркем әдебиет | есту арқылы тануды қалыптастыру. Қоршаған ортамен таныстыру | құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу Құрастыру | негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. Сурет салу |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Дене шынықтыру Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. | Музыка Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Аспаптардың, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуды үйрету; ересектердің орындауындағы және аудиобейне үн таспадан музыка тыңдауды дамыту | Дене шынықтыру Қолға және иық белдеуіне, денеге, аяққа арналған жаттығулар-қолдарын жоғарыға және жанына көтеру, бір қолындағы затты алдына әкеліп, екінші қолына ауыстыру; қолдарын шапалақтау. | Қазақ тілі Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге үйрету | Дене шынықтыру Допты бір-біріне беру, аяқты өзіне қарай тарту, доға тәрізді дөңгелектеп иу, Отырған, жатқан қалыпта екі аяқты созу, түрегеліп тұрған қалыптан солға, оңға, алға қарай еңкею. Отырып, аяқтың ішкі қырымен құм салынған қапшықты алу, екі аяғымен секіру. |
| | «Күзгі жапырақтарды жинау» ойыны Қоршаған ортамен таныстыру | «Ерекшелігін тап» ойыны Шарты: Тәрбие | Күз мезгілі жайлы видео көрсету, сұрақтар | Күз туралы тақпақ жаттату, мнемокесте арқылы Көркем | Бүркіт Жақыповтың «Күз сыйы» өлеңін |

| | | | | |
|--|---|---|---|---|
| <p>Үстел үсті ойыны пазл: «Жеміс-жидектер» Мақсаты: Балалармен күз байлықтары жеміс – жидектер туралы біледі. Пазлдардан құрастырады.Құрастыру Еркін ойын: «Әдемі алма» Шарты:Нақты шектейтін ережелері жоқ, бала нені және қалай істегісі келетіндігін өз еркімен таңдайды. Дөңгелек пішіннен алманың суретін салып, өз қалаулары бойынша бояйды. Балалар түрлі түсті қарындаштарды қолданып, өздері салып бояйды.Сурет салу «Күзгі ағаштар»: Екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы,ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстырады. Тәрбиеші балаларға тақырып бойынша тапсырманы қалай орындайтыны туралы нұсқау беріп, өзі де ойынға қатысады. Ағаштардың суреттерін</p> | <p>ші тақырып бойынша тапсырманы қалай орындайтыны туралы нұсқау беріп, өзі де ойынға қатысады. Суреттерге байланысты сұрақтар қойып, балаларауа райының жағдайын анықтап, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылайды. ағаштар туралы айтып, сұрақтарға жауап беріп, көрсетеді.Қоршаған ортамен танысу «Қызыл алма» (заттық мүсіндеу) Ермексаз</p> | <p>қою.Сөйлеуді дамыту Жапырақтарды салыстыру Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру.Математика негіздері Жапырақтың суретін салу, ақ қағазға жабыстыру, және жапырақтардан пазл құрастыру Жапсыру,суретсалуды, құрастыру</p> | <p>әдебиет Күзгі бақтағы еңбек туралы әңгімелеу.Сөйлеуді дамыту Д/о: "Сюжетті сурет арқылы әңгіме құрастыр" М/ы: Сұрақ - жауап алу арқылы суреттерді әңгімелей отырып байланыстыра сөйлеуге үйрету. -Балалар жылдың қаншы мезгілі бар? -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Неге қазір күз мезгілі деп ойлайсыңдар? - Күз мезгілінде неше ай бар,атап беріндерші? - Күз ерекшелігі қандай?Қоршаған ортамен танысу -Балалар, бүгін мен сендерге "Алтын жапырақ" атты өте қызықты ертегі алып келдім.</p> | <p>жаттаймыз. Өлеңді жаттау оңай болу үшін мнемокестені қолданамыз Көркем әдебиет Дидактикалық ойын:«Үлкен – кіші» Мақсаты: Көлемі бойынша(үлкен – кіші) заттарды салыстыру . Жемістер мен көкеністерді көлеміне қарай салыстыру білігін дамыту (үлкен – кішкентай), заттарды осындай белгілеріне қарай топтау; заттарды табуға деген ынтасын тәрбиелеу. Шарты: Үлкен – кіші суреттерді сызық арқылы қосуды тапсырады Математика негіздері.</p> |
|--|---|---|---|---|

| | | | | | |
|-------------------|--|--|--------------|--|-------------|
| | ұзындығы, ені, биікті мен жуандығы бойынша салыстырады. Математика негіздері | кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату тәсілдерін пайдаланады Мүсіндеу | | Тыңдағыларың келе ме?! Ендеше ,көзімізді жұмып өзімізді орман ішінде жүрміз деп елестетейік.Көркем әдебиет -Балалар, қазір шығармашылық орталығында "Алтын жапырақтың" достарын жасап берейік. Балаларды екі топқа бөлу: Балаларға дәстүрден тыс әдістермен жапырақ бейнесін жасауды түсіндіру Жапсыру,сурет салу | |
| Серуенге дайындық | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| Серуен | Картотека №1 | Картотека №1 | Картотека №2 | Картотека №2 | Картотека№3 |
| Серуеннен оралу | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| Түскі ас | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|--|--|---|--|
| <p>Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p> | <p>«Сен жасыр, біз табамыз» балалар көзін жұмып отырады. Бір ойыншы шығып жеміс, көкөністердің муляждары салынған табақтан біреуін алып, артына жасырады. Ойыншы сол жемісті,көкөністің атын айтпай сипаттайды. Жасырған жемісті, көкөністі дұрыс тапқан бала ойынды жалғастырады. Сөйлеуді дамыту</p> | <p>Дидактикалық ойын:«Не қайда тұр?» Кеңістік ұғымдарын қалыптастыру (сол жақ, оң жақ, ортасында), сөйлегенде осы терминдерді дұрыс қолдануға баулу. Сол жаққа қарай орналасқан және оң жаққа қарай орналасқан жемістерді табу, атау Математика негіздері</p> | <p>Дидактикалық ойын: «Киіндіреміз» Киім туралы түсінік беру, жыл мезгілдерінің өзгерістеріне байланысты киімдерді сараптай білуді үйрету; Маусымдық өзгерістеріне сәйкес киімдерді таңдау дағдыларын қалыптастыру; Тиянақтылықты, мәдени-гигиеналық дағдыларды тәрбиелеу. Шарты: Жыл мезгілдеріне байланысты карточкаларды пайдаланып, қай киімді қай мезгілге сәйкес кию керектігін айтады Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру.</p> | <p>Дидактикалық ойын: «Жеміс бағына саяхат» Жемістер туралы білімдерін естеріне түсіріп, жемістер бақта өсетіндіктерін ұғындыру; Күз сыйы және бақ деген сөздерге сөздік жұмысын жүргізу арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту; Өсімдіктерге сүйіспеншілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Шарты: Бақтағы ағаш суретіне жемістерді атай отырып орналастыру. Сөйлеуді дамыту</p> | <p>«Жемістер алма, алмұрт» Дайын пішіндерді қағаз бетіне жабыстырады. Жапсыру Дидактикалық ойын: «Артында – алдында» Мақсаты: Заттардың өзіне тікелей жақынкеңістікте орналасқан бағытын ажырату (алдында – артында) түсініктерін қалыптастыру;</p> |
|---|---|--|--|---|--|

| | | | | | |
|------------------------|---|---|---|--|---|
| Балалармен жеке жұмыс | тең және тең емес заттар тобын салыстырып ажыратуға машықтандыру. | бір-бірімен, ересектермен сөйлесуді үйрету. | өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеуді машықтандыру. | тұратын қаласы мен ауылы туралы айтуға үйрету. | тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылығын үйрету. |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру. | Психолог кеңесі. (Жеке балаларға) | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы. | Сәтті демалыс тілеу |

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2023 жыл 2 апта

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 09.10.2023ж | Сейсенбі 10.10.2023ж | Сәрсенбі 11.10.2023ж | Бейсенбі 12.10.2023ж | Жұма 13.10.2023ж |
|---|--|---|---|--|--|
| Балаларды қабылдау | Көңілді смайликтермен қарсы алу | Күйдің сүйемелдеуімен қарсы алу | Көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Достық эстафетасы арқылы қарсы алу | Көңілді күн әнімен қарсы алу |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Баланың топтағы көңіл-күйі жайлы әңгіме | Баланың денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгіме | Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме | Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және | Құстарды салыстыру ұқсас ойыншықтарды табу. Оларды өзара салыстыру (математика | Үш дөңгелекті және екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға | «Қарлығаш» әнін дауыстап және төмен дауыспен ән салу (музыка) | Құстар туралы жұмбақтар шешу Кеудесі қайқандап, Жүреді байпандап. (Қаз) Сирағы ұзын, | Құстар болып ұшу. Әр түрлі құстардың қимылын қайталау. Қимылды ойын «Аққу қаздар» |

| | | | | | |
|-----------------------|---|---|---------------|---|---------------------------------|
| тағы басқа әрекеттер) | негіздері) «Қарлығаш» әнін дауыстап және төмен дауыспен ән салу (музыка) Еркін ойындар | бұрылыстарды орындау; (дене шынықтыру) Дербес ойындар Қимылды ойын «Тауықтар мен балапандар» | Еркін ойындар | Тырнағы ұзын. Балықты сүзбей, Ұстайтын шоқып, Тұмсығы біздей. (Тырна) Еркін ойындар | Балалардың бастамасымен ойындар |
| Таңертеңгі жаттығу | Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| Таңғы ас | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) | | | | |

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|---|
| <p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p> | <p>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Құрастыру</p> | <p>Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.Сөйлеуді дамыту</p> | <p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Мүсіндеу</p> | <p>Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру</p> | <p>«Жолдағы жағдайлар» ойыны (балалар мен ата-аналар слайдтағы жағдаяттарды қарастырып, жол ережесін бұзу бар ма, жоқ па деп жауап береді).Сөйлеуді дамыту</p> |
| <p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p> | <p>Дене шынықтыру Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан</p> | <p>Музыка Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуды жетілдіру. Ән айту дағдыларын дамытуға</p> | <p>Дене шынықтыру Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын</p> | <p>Қазақ тілі Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту</p> | <p>Дене шынықтыру Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру, тұрған жерінен ұзындыққа секіру.</p> |

| | | | | | |
|--|--|---|---|---|--|
| | <p>бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру.</p> | <p>ықпал ету</p> | <p>үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап жүгіру.</p> | | |
| <p>Топтағы құсты тамашалау. Құстар сөйлей ала ма? Олар қалай сөйлеседі? Олар қалай тамақтанады? Олар қайда өмір сүреді? Балалардың ойларын тыңдау. (көркем әдебиет)</p> <p>Біз қамқоршы баламыз, Құстарға ұя саламыз. Жемдерін беріп қыс бойы,</p> | <p>Үй құстар мен дала құстары туралы фильм тамашалу. Суреттер қарау. Әңгімелеу. (көркем әдебиет)</p> <p>Балалардың қалауы бойынша дәстүрден тыс әдіспен құстардың суретін салу, ермексаздан ұжымдық жұмыс арқылы бейнесін жасау және</p> | <p>Қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту арқылы құстың бейнесін құрастыру(құрастыру)</p> <p>Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға</p> | <p>Сурет бойынша құстар туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыру. (көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)</p> <p>Біз қамқоршы баламыз, Құстарға ұя саламыз. Жемдерін беріп қыс бойы, Көмекші бала боламыз. Өлен айтып, ән шырқап, Құстарға дос боламыз. тақпақты жатқа айту</p> | <p>Құстардың ән салғанын тыңдау. Дыбысына қарай қай құс екенін анықтау. Орманда ма әлде қалада өмір сүреді ма зерттеу. Қала мен орманның айырмашылықтарын білу(қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету</p> | |

| | | | | | |
|---|---|---|--|--|---|
| | Көмекші бала боламыз. Өлен айтып, ән шырқап, Құстарға дос боламыз. тақпақтарды жатқа айту(сөйлеуді дамыту) | геометриялық пішіндер арқылы жапсыру. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) | үйрету(көркем әдебиет) | Құстардың үйшіктерін биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі үйшіктерді салыстыру(математика негіздері) | Біз қамқоршы боламыз, Құстарға ұя саламыз. Жемдерін беріп қыс бойы, Көмекші бала боламыз. Өлен айтып, ән шырқап, Құстарға дос боламыз. (көркем әдебиет) |
| | | | | | |
| Серуенге дайындық | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| Серуен | Картотека №3 | Картотека №4 | Картотека №4 | Картотека №5 | Картотека №5 |
| Серуеннен оралу | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| Түскі ас | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және | ертегі кейіпкерлері құстарды бейнелеуге машықтандыру. Еремексазды | Құстардың күзгі және қысқы тіршілігі туралы түсінік беру. | Ұлттық ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту, халық шығармашылығының желісі | Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық | геометриялық пішіндерді қиып балапан жапсыру, гуашпен аққуды бояу(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) |

| | | | | | |
|-----------------------|---|--|---|--|---|
| тағы басқа әрекеттер) | қолдану дағдыларын пысықтау арқылы аққуды мүсіндеу, желімді пайдалануды жетілдіру (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) | ((қоршаған ортамен танысу) Құрылыс материалдары нан құстарға ұя жасау. (құрастыру) | бойынша бейнелер жасау. . (мүсіндеу) Құс қанат оюын таныстыру Құс қанат оюын жабыстыру (жапсыру). Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру (математика негіздері) | өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қарлығаш оюын жапсыру (жапсыру) Балалардың қалауы бойынша құстарға ұяның суретін салу немесе ермексаздан жасау (сурет салу, мүсіндеу) | Құстарға үйшік геометриялық пішіндерден жасау, салыстыру (математика негіздері) |
| Балалармен жеке жұмыс | тілдегі дыбыстарды дұрыс айта білуін және зейін қойып тыңдауын жетілдіру. | сөйлеу қарқынын өзгерте білуге үйрету: баяу сөйлеу. -суреттер бойынша таныс | сөздерде дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру. | екі тең немесе тең емес заттар тобын салыстыра білу, бір топтағы заттарды екінші топтағы заттарға беттестіру және тұстастыру тәсілдерін | Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру. |

| | | | | | |
|------------------------|---|---|---|---|--|
| | | шығармаларды тануға, сұрақтарға жауап беруге үйрету | | пайдалануды үйрету. | |
| Балалардың үйге қайтуы | Балалардың жылы киінуі туралы кеңес беру. | Құстар туралы не білетіндерін сұрауды ұсыну. | Қарлығаш әнін бірге орындауға кеңес беру. | Тауықтар мен балапандар ойынын үйде ойнауға ұсыну | Апта бойы не үйренгенін сұрау, әңгімелесу. |

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2023 жыл 3 апта

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 16.10.2023ж | Сейсенбі 17.10.2023ж | Сәрсенбі 18.10.2023ж | Бейсенбі 19.10.2023ж | Жұма 20.10.2023ж |
|--------------------------------------|---|---|--|---|--------------------------------------|
| Балаларды қабылдау | Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдыратып қоңырауын соғып кіріп, келесі балаға береді | Сықырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) | Достық эстафетасы арқылы қарсы алу | Көңілді күн әнімен қарсы алу | Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме | Баланың денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгіме | Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме | Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу |

| | | | | | |
|--|---|--|--|--|---|
| <p>Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</p> | <p>Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік жайлы әңгімелесу Әлеуметтік дағдылар «Бағдаршам» мобильді ойыны (Балалар бағдаршамның айналасында тұрады. «Барамыз, барамыз, барамыз» әнінің аудио жазбасы естіледі. Бағдаршам қызыл (жасыл немесе сары) жалаушаны көтереді. Жасыл сигнал түссе балалар шеңбер бойымен жүреді, қызыл түсте тоқтайды, сары түсте қол соғады) Дене шынықтыру</p> | <p>Бензинді сүт сияқты ішеді. Алысқа жүгіре алады. Тауарлар мен адамдарды тасымалдайды. Сіз оны білесіз, әрине. (Көлік) Көшелермен шағын үйлер өтеді. Ересектер мен балаларды қала бойына апарады. (Автобус) Сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағдылар</p> | <p>Еркін ойын: «Күз мезгілі» Суреттер құрастыру Құрастыру әрекеті</p> | <p>Еркін ойын: "Кімнің заттары? " (достарының заттарын анықтау) Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозайка және т.б Танымдық дағдылар</p> | <p>Еркін ойын: Ойын-жаттығу Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру Танымдық дағдылар</p> |
|--|---|--|--|--|---|

| | | | | | |
|--------------------------------------|--|---|---|--|---|
| | | | | | |
| Таңертенгі жаттығу | Қазан айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| Таңғы ас | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Сөйлеуді дамыту | Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру Мүсіндеу | Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Жапсыру | Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру Математика негіздері | Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну музыка |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша | Дене шынықтыру | Музыка Бірінің | Дене шынықтыру Тура бағытта 4–6 | Қазақ тілі Ауызекі сөйлеуде | Дене шынықтыру Сапқа бір-бірден |

| | | | | | |
|----------------------------------|---|--|---|--|--|
| <p>ұйымдастырылған іс-әрекет</p> | <p>Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру.</p> | <p>артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; әуенмен бірге би қозғалыстарын ың қарапайым элементтерін орындау;</p> | <p>метр арақашықтықта, "жыланша еңбектеу, арасы алшақтанған заттар арасымен, еденге қойылған тақта бетімен еңбектеу. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру, еңгіс тақта бойымен (20-30 см) жүру дағдыларын қалыптастыру;</p> | <p>түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары ментабиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.</p> | <p>тұру. шеңберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру (тәрбиешінің көмегімен, бағдар бойынша).</p> |
| | <p>(сөйлеуді дамыту) Үй жануарлары және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын үйрету. Жануарлар</p> | <p>(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) «Мақта қызбен мысық» ертегісін айтып беру. Түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен</p> | <p>(математика негіздері) Жануарлардың дене бөліктері қандай пішінге ұқсайды атау. Дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш пішіндерді тану және атау (музыка)</p> | <p>(сөйлеуді дамыту) «Менің сүйікті жануарым» тақырыбында әңгімелесу. зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану (сурет салу) «Ботакөз», «тышқан» ізі қазақ оюларының, элементтердің пішінін, реттілігін,</p> | <p>(сөйлеуді дамыту) Үй жануарларының пайдасы. Олардың беретін өнімдері туралы ақпарат беру, балалардың ойларын тыңдау. (қоршаған ортамен танысу) Сүт өнімдерін зерттеу. Айран, сүт, құрт, йогурт,</p> |

| | | | | | |
|---|---|---|--|---|--|
| | туралы не білетініндерін, сурет бойынша әңгімелеу (математика негіздері) Топтағы жануарларды санау, көлемі бойынша салыстыру. | дыбыстау. (математика негіздері) Мысықты құрастыру үшін геометриялық пішіндерді тану және атау, пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру. | Аю әнін айту | олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, жазықтықта оюларды орналастыру | ірімшік және т.б. өнімдердің дәмін көру. Әр түрлі зерттеу әрекеттері. Сүттен айран жасау және т.б әрекеттер баллаардың ұсынысы бойынша |
| Серуенге дайындық | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| Серуен | Картотека №6 | Картотека №6 | Картотека №7 | Картотека №7 | Картотека №8 |
| Серуеннен оралу | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| Түскі ас | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | (жапсыру) Жануарлар пішінін бейнелеу, заттарды қағаз бетінде орналастыру | (қоршаған ортамен танысу) Мысықтың отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді | (мүсіндеу) көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. Африка | (құрастыру, мүсіндеу, жапсыру) Балалардың қалауы бойынша әрекет түрлерін таңдау. Құрастыру құралдарымен | (сурет салу, құрастыру) «Жеті лақ» ертегі желісі бойынша суреттерді бояу, құрастыру құралдарымен |

| | | | | | |
|------------------------|--|--|---|--|--|
| | дағдыларын қалыптастыру (сурет салу) қазақ оюларының кейбір элементтерін салу. «Түйе табан». «Тышқан ізі». «Ботакөз» ою өрнектерін салу. (мүсіндеу) Ермексازдан үй жануарын мүсіндеу | қарастыру, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атау дағдыларын қалыптастыру. (мүсіндеу) Ермексازдан мысықты жасау. | жануарларын жасау. (сурет салу) Дәстүрден тыс әдіспен жануарларды бояу. Ең жылдам жануар кім? Мультфильм көру. «Торғай» тв (көркем әдебиет) | қоралар, жануарлар құрастыру. Ермексаз және түрлі түсті қағаздармен шығармашылық жұмыстар. | лақты немесе қасқырды құрастыру. |
| Балалармен жеке жұмыс | Үй жануарлары туралы сұрау | Сыыр бейнесін мүсіндеу | Жаңылтпаш жаттау | Мақал-мәтел үйрету | Тілдік жаттығулар |
| Балалардың үйге қайтуы | Жануарлар туралы не білетінін балалардан сұрауын ұсыну. | Мысық туралы қосымша ақпарат беруді ұсыну | Ыстық елдердің жануарлары туралы балаларға айтып беруін сұрау | Үш торай ертегісін сахналауды үйде қайталау. | Зерттеу арқылы не үйренгенін сұрауға кеңес беру. |

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2023 жыл 4 апта

| | | | | | |
|-------------|----------|----------|----------|----------|------|
| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|-------------|----------|----------|----------|----------|------|

| | 23.10.2023ж | 24.10.2023ж | 25.10.2023ж | 26.10.2023ж | 27.10.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Көңілді күн әнімен қарсы алу | Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу | Достық эстафетасы арқылы қарсы алу | Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдыратып қоңырауын соғып кіріп, келесі балаға береді | Сикырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме | Баланың денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгіме | Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме | Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Менің отбасым» әңгімелесу. Міндеті: Өз отбасы туралы айтып береді. Коммуникативтік дағдылар | «Дыбысынан таны» Міндеті: Есту қабілеттерін дамытады. Тілдік қарым - қатынас мәдениетін дұрыс қолданады. Шығармашылық дағдылар | «Сәйкестендіріп жина» ойыны Міндеті: доптарды түстеріне сәйкес қораптарға жинай алады. Танымдық дағдылар | «Пирамида жинау» ойыны Міндеті: көлеміне қарай жинап құрастырады Танымдық дағдылар | «Бөліктерді құрастыр» ойыны Міндеті: қиынды суреттерден бағдаршамды құрастырады Құрастыру әрекеті. |
| Таңертеңгі жаттығу | Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.) | | | | |
| Таңғы ас | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) | | | | |

| | | | | | |
|--|---|--|--|---|--|
| <p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p> | <p>Таңғы жиын. Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу. «Кітап қайдан келеді?» тақырыбында әңгімелесі. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. сөйлеуді дамыту</p> | <p>Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарын да еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, суретті карточкалар).</p> | <p>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, суреттері бойынша әңгімелесу</p> | <p>Табиғат бұрышындағы тірі объектілерге күтім жасауға арналған құралдар туралы білімдерін қалыптастыру</p> | <p>: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау),</p> |
| <p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p> | <p>Дене шынықтыру Допты бір-біріне беру, аяқты өзіне қарай тарту, доға тәрізді дөңгелектеп иу, Отырған, жатқан қалыпта екі аяқты созу, түрегеліп тұрған</p> | <p>Музыка Балаларды музыкалық аспап сылдырмақпен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық</p> | <p>Дене шынықтыру Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету.</p> | <p>Қазақ тілі Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін</p> | <p>Дене шынықтыру Қолға және иық белдеуіне, денеге, аяққа арналған жаттығулар-қолдарын жоғарыға және жанына көтеру, бір қолындағы затты алдына әкеліп, екінші қолына</p> |

| | | | | | |
|--|--|---|---|--|--|
| | қалыптан солға, оңға, алға қарай еңкею. Отырып, аяқтың ішкі қырымен құм салынған қапшықты алу, екі аяғымен секіру. | аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. | Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. | қалыптастыру | ауыстыру; қолдарын шапалақтау. |
| | Күзгі баққа серуен, бейнеролик қарау Күзгі бақпен таныстыру Қоршаған ортамен танысу | Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру. «Кім жылдам» ойыны. Тәрбиеші сөз айтады. Балалар сөйлемге айналдырады. Мысалы – «Алма»-алма жедім немесе алма ол жеміс. (сөйлеуді дамыту) Күзгі еңбек құралдарды | «Жақсылық пен жамандық» мультфильмін тамашалау. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру(көркем әдебиет) Ертегі желісі бойынша ұжымдық сурет салу (сурет салу). | Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру (математика негіздері) Сазбалшық ұстасына қонаққа бару. (немес фильм көру) Сазбалшықтан жасалатын құмыраны көру және жасау. (мүсіндеу) | Шеберлер қалашығы тақырыбы бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету. (сөйлеуді дамыту) Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыруды жетілдіру(математика негіздері) |

| | | | | | |
|---|---|--|--|---|--|
| | | түрлі пішіндегі және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін сақтап мүсіндеу. (мүсіндеу) | | | |
| Серуенге дайындық | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| Серуен | Картотека №8 | Картотека №9 | Картотека №9 | Картотека №10 | Картотека №10 |
| Серуеннен оралу | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| Түскі ас | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | (сөйлеуді дамыту) Саусақ ойындарын ұйымдастыру. Балаларға таныс "қуыршақты жүргізу" техникасын қолдана отырып, олардың қатысу ниеттерін дамыту. Таныс | (математика негіздері) Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атау (бас, аяқтар, қолдар). Еңбек құралдарын оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру | (математика негіздері) Топтағы гүлдерді санау, салыстыру, күтім жасау құралдарын салыстыру, санау (мүсіндеу, жапсыру) Топтағы гүлдердің мүсінін жасау және қағаздан жасау. | (жапсыру) Жапырақтармен композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру; (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Таныс ертегінің кейіпкерлерінің | (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру) Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында. Кітаптар қарау, әңгімелесу |

| | | | | | |
|------------------------|--|---|--|---|--|
| | ертегі қойылымын жасату. (кұрастыру, мүсіндеу, сурет салу) Балалардың дербес әрекеті құрастыру және шығармашылық жұмыстары | (көркем әдебиет) «Оп оңай! Еңбек бәрін жеңбек» тақырыбында фильм көру. Өз ойларын айтқызу. Топтағы тазалық жұмысын жоспарлап қатысу. | | бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру | |
| Балалармен жеке жұмыс | сөздерде дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру. | құрылыс материалының негізгі бөлшектері, олардың бөлшектері туралы білімді қалыптастыру, оларды түсі, шамасы бойынша тануды үйрету. | бірнеше тік және көлденең сызықтардан заттарды салу (дуал, ағаш); -шаршының ортасына, бұрыштарына қазақ ою өрнектерін жапсыру | екіқарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы, ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстыра білуді бекіту. | кеңістікті және уақытты бағдарлауды үйрету. |
| Балалардың үйге қайтуы | Күзгі еңбек туралы әңгімелесуді ұсыну. | Анасының көмекшісі тақырыбында әңгімелесу. | Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау. | Сазбалшық туралы не білгенін сұрау | Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу. |

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | | Баланың үйдегі өзіндік әрекетті жайлы сұхбат. | | | |
|--|--|--|--|--|--|

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы**

**Білім беру ұйымы «Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебі» КММ жанындағы «Еркетай» шағын орталығы
Топ«Балақай»**

Балалардың жасы 3жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.12- 08.12.2023 жыл I апта

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 04.12.2023 | Сейсенбі 05.12.2023 | Сәрсенбі 06.12.2023 | Бейсенбі 07.12.2023 | Жұма 08.12.2023 |
|---|---|--|---|---|---|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет). | | | | |
| | Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. <i>(сөйлеуді дамыту)</i> | Балаларды жайдары көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуын ойнату <i>(сөйлеуді дамыту)</i> | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. <i>(сөйлеуді дамыту)</i> | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыруды ұйымдастыру <i>(сөйлеуді дамыту)</i> | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Көктайғақ туралы ескерту. <i>(сөйлеуді дамыту)</i> |
| Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру | | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер) | Санамақ "Кел, санайық санамақ" Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, үш. Төрт, бес, алты, жеті, Төрт, бес, алты, жеті, Мынау - ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнеки, қон. Асықпа да саспа, Бірден қайта баста. <i>(сөйлеуді дамыту)</i> | Дидактикалық ойын: «Өз ұяшығын тап» Мақсаты: Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Шарты: Балалардың алдарына әр түрлі геометриялық пішіндер таратылады. Түстеріне қарап қандай геометриялық пішіндерден | Дидактикалық ойын: «Шарлар» Мақсаты: Балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: шарлар. Шарты: тәрбиеші балаларға шар таратып береді. Оны балалар дұрыс тыныс алу арқылы үрлеуі керек. <i>(сөйлеуді дамыту)</i> | Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін атау, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту. Шарты: Тәрбиешінің сұрағына қарай жыл мезгілінің ерекшеліктерін атау. | Дидактикалық ойын: «Дәл осындай пішінді тап» Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Шарты: Балалардың алдарына әр түрлі геометриялық пішіндер таратылады. Түстеріне қарап қандай геометриялық |

| | | | | | |
|---------------------------|---|--|--|--|--|
| | | тышқанның үйшігі құралған екенін айту. <i>(математика негіздері)</i> | | <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i> | пішіндерден құралған екенін айту. <i>(математика негіздері)</i> |
| Таңертенгі жаттығу | ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ (құралсыз, сылдырмақпен) | | | | |
| | Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары. Мақсаты: баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету. 1.«Сылдырмақтар». Б.қ.: аяқты алшақ қойып, қолды төмен түсіру. Қолды екі жаққа созу арқылы жоғары көтеру, сылдырмақтарды сылдырлату және екі жаққа созу арқылы «дың-дың», – деп айту. Қолдың қозғалысын қадағалау. (6 рет қайталау.) 2.«Көрсет және ойна». Б.қ.: өкшемен отырып, сылдырмақты иыққа қою. Бұрылып, сылдырмақты көрсету, «міне», – сылдырмақты артына тығып қою. Осылайшаекінші жақпен орындау. Қолдың қозғалысын қадағалау. Аяқты қозғалтпау (3 рет қайталау.) 3. «Ойнаймыз, тығып қоямыз». Б.қ.: қолды бастан асыра көтеріп, шалқадан жату (отыру), ойыншықтарды жерге тигізіп ұстау. Сылдырмақтарды сылдырлату, қолды ішке алып келіп, аяқты бүгу –сылдырмақтарды тығып қою, б.қ.-қа оралу. (6 рет қайталау.) 4. «Көршіме көрсетемін». Б.қ.: өкшемен отырады, сылдырмақтар ұстап, қолды екі бүйірге қояды. Оңға, солға бұрылу. Сылдырмақтарды сылдырлатып, денені тұрғызып ұстап тұру. (3-4 рет қайталау.) 5. «Сылдырмақтармен көңілді». 6. Б.қ.: аяқты алшақ қойып, сылдырмақтарды арт жақта ұстап тұру. Сылдырмақтарды алдыда ұстап тұрып сылдырлатып, бірнеше рет серпіліп, 10-15 ретсекіру (жүрумен алмастырып, 3-4 рет секіру). | | | | |
| Таңғы ас | Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Дымқылдап күнде сен, Қолыңды сүйкесең. Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. | Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Су, су менің бетімді жу. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Тамақтану (өз орнын | Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. <i>(көркем әдебиет,</i> | Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Су, су менің бетімді жу. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Тамақтану (өз орнын | Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. |

| | | | | | |
|---|--|---|---|---|--|
| | <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | <i>қоршаған ортамен таныстыру)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту. | | | | |
| | Саусақ жаттығуы: «Менің отбасым» Бас бармақ – ата Сұқ саусақ – әже Ортан терек – әке Шылдыр шүмек – ана Кішкене бөбек – мен <i>(сөйлеуді дамыту)</i> | Саусақ жаттығуы: «Достық» жаттығуы Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес... (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес.. Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, | Саусақ жаттығуы: «Саусақтардың амандасуы» Бас бармақ өзінен басқа саусақтардың атын атап амандасады - Сәлеметсің бе, Балаң үйрек! - Сәлем, Ортан терек! - Амансың ба, Шылдыр шүмек! - Қалың қалай, Кішкене бөбек! (Бас бармақ кезекпен барлық саусақтарға ұшын тигізіп амандасады) <i>(сөйлеуді дамыту)</i> | Саусақ жаттығуы: «Гүл» Балалар қолдарын көтеріп, саусақтарын біріктіріп, жабылып тұрған гүлдердің бүршіктерін келтіреді. Жайлап саусақтарын ашып, алақандарын жайып «гүлдің ашылғанын» көрсету. Төмендегі тақпақты қайталау. Міне, гүлдің бүршіктері, Ашылады әдемі. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i> | Саусақ жаттығуы: «Көмекшілерге алғыс білдіру» - Рахмет саған, көздерім, сендер бәрін көресіңдер. (көзерін қолмен басу) - Рахмет саған, құлақтарым, сендер бәрін естисіңдер. (құлақтарын ұстау) - Рахмет саған, қолдарым, сендер бәрін істейсіңдер. (шапалақтау) - Рахмет саған, аяқтарым, енді, сендер топылдатып жүресіңдер. |

| | | | | | |
|--|---|---|---|---|---|
| | | демалтамыз). (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) | | | (топылдату) (сөйлеуді дамыту) |
| Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: Хайуанаттар бағы Мақсаты: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта) беруді үйрету. Ойын: «Ең шапшаң»</p> | <p>Қазақ тілі Отаны, туған өлкесі туралы білімдерін дамыту. Сөздік минимум: туған өлкем, ауылым, әдемі, үлкен «Астана - елорда» түрлі-түсті суреттер, буклет. «Сиқырлы сандық» дидактикалық ойын</p> | <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: Хайуанаттар бағын мекендеушілер Мақсаты: аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); аяқты бұгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). Жалпы дамытушы жаттығуларға деген қызығушылықтарын арттыру. Ойын: «Күлше нан»</p> | <p>Музыка Мақсаты: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.</p> | <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: Біздің сүйікті ойындарымыз Мақсаты: Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. Ойын: «Қоян»</p> |
| | <p>Дидактикалық ойын: «Орнына қойып шық» Мақсаты: жиһаздардың аттарын атап айту және бөлме ішінде өз орындарына орналастыру Қажетті құралдар: жиһаздардың суреті мен магниттік тақта Ойынның</p> | <p>Дидактикалық ойын «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Жыл мезгілдерін ажырата білуге, қандай өзгерістер болатыны жөнінде үйрету. Шарты: Балаларға жыл мезгілдерінің суреттері таратылып, табиғаттағы өзгерістерді атап береді. Құстарға арнап</p> | <p>«Ғажайып қапшық» Мақсаты: Әр мамандыққа қажетті құралдарды атап айыра білу, неден жасалғанын тану. (қоршаған ортамен таныстыру) Медбикенің қобдишасын бояу, өздеріне ұнайтын маман иесінің құралдарын мүсіндеу,</p> | <p>Дидактикалық ойын: «Ненің баласы?» Мақсаты: Балалардың «үлкен», «кіші» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту; жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту. Шарты: Үлкен және кіші ойыншықтар бөлек тұрады. Бала үлкен</p> | <p>«Қар ханшайымы» ертегісі туралы не білетіндерін естеріне түсіру, мультфильмін көрсету. Кейіпкерлердің іс әрекетін сипаттауды үйрету. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Балалардың қалауы бойынша аққала немесе</p> |

| | | | | | |
|---------------------------------|--|--|---|--|--|
| | <p>барысы: Магниттік тақтаға жиһаздар бейнеленген суреттер жапсырылады. Тәрбиеші әр жиһазды өз орнына орналастыруды ұсынады. <i>(сөйлеуді дамыту)</i></p> <p>Топтағы жиһаздардың суретін салу. Ермексаздан мүсіндеп, дайын бөлшектерден құрастыру. <i>(мүсіндеу, құрастыру)</i></p> | <p>жемсауыттын суретін салу, дайын бөлшектерден жапсыру. <i>(сурет салу, жапсыру)</i></p> | <p>жапсыру. <i>(мүсіндеу, жапсыру)</i></p> | <p>ойыншықты таңдап алып және оған кішкене ойыншықтарды іріктеп алады (немесе керісінше). Өзінің таңдап алған жұбын атайды. Мысалы: ит үлкен, ал күшік кішкентай. <i>(математика негіздері)</i></p> <p>Қонжықтың суретін бояу, ермексаздан мүсіндеу, дайын пішіндерден қоян мен қонжықты құрастыру <i>(сурет салу, мүсіндеу, құрастыру)</i></p> | <p>қар түйіршіктерін ермексаздан жасату. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. <i>(мүсіндеу)</i></p> |
| <p>Серуенге дайындық</p> | <p>Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) «Біз киініп үйренеміз» әңгіме Мақсаты: балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыру үйрету. (көркем әдебиет) «Дұрыс-бұрыс» ойыны Шарты: бірінші кезекте шалбар емес, бас киім кесе не болады? Ал егер алдымен етік, содан кейін шалбар кесе ше? Ал егер жемпір шалбарға салынбаса ше?. Ауырып қалмас үшін дұрыс ретпен киіну керек! (сөйлеуді дамыту)</p> | | | | |
| <p>Серуен</p> | <p>Қар жауып тұрған құбылысты бақылау. Мақсаты: қар жауып тұрған құбылысты бақылай білуге үйрету. <i>(қоршаған ортамен таныстыру)</i> Жеке жұмыс</p> | <p>Қырауды бақылау. Мақсаты: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып түсіндіру. Қырау түскен ағаштарды бақылау. <i>(қоршаған ортамен таныстыру)</i></p> | <p>Мұз сүңгісін бақылау. Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. <i>(қоршаған ортамен таныстыру)</i> Жеке жұмыс</p> | <p>Қайың ағашын бақылау Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркін бақылауға үйрету. <i>(қоршаған ортамен таныстыру)</i></p> | <p>Терезедегі өрнектерді бақылау. Мақсаты: балаларға құбылысты түсіндіру. Терезедегі өрнектерді бақылау. <i>(қоршаған ортамен таныстыру)</i></p> |

| | | | | | |
|--|---|--|---|---|--|
| <p>Жерді барып құшады. (Қар) (көркем әдебиет) Жеке жұмыс. Қыс мезгіліне арналған өлеңдер айту: Аппақ, аппақ, жапалақтап, Қар жауады тынбастан... Қим. ойын: «Кім баяу?» Мақсаты: балаларды баяу және аяқтың ұшымен жүруге үйрету. Шарты: Балалар тәрбиешімен бірге жүріп келе жатыр. Күтпеген жерден ол: «Ал, енді көрелік, сендердің іштеріңнен кім өте баяу, аяқтың ұшымен жүре алады. Міне, былай», – дейді. Балалар аяқтарының ұшын көтеріп, мүмкіндігінше жай жүруге тырысады. Олар сол жүріп келе жатқан бағытта жүруді жалғастыра береді. Тәрбиеші білдірмей бір жаққа қарай шегініп: «Ал, енді бәрің маған қарай жүгіріңдер», – дейді. Балалар тәрбиешіге</p> | <p>Көркем сөз Далада қар борайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады, катады, Жып-жылтыр боп жатады. (көркем әдебиет) Жеке жұмыс: Әмина, Мирас, Н.Айаруға қысқы еңбек түрлерін айтқызу. Қим. ойын: «Аңшылар мен қояндар» Мақсаты: Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету. Шарты: Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: «Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет</p> | <p>Ойнап, күліп жүр енді. Шаналармен озады, Аққаланы соғады. (көркем әдебиет) Қим. ойын: «Қу түлкі» Мақсаты: балаларды ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу. Шарты: Балалар бір-біріне бір адымдай ара қашықтықта тұрады (шеңбер жасап). Балалар көздерін жұмып тұрады. Тәрбиеші шеңберді айналып жүріп білдіртпей бір баланы түртеді. Сол бала түлкі болады. Балалар көздерін ашып бір-біріне мұқият қарайды. Қу түлкі сен қайдасың? Үш рет айтқанда қу түлкі ортаға қолын көтеріп мен мындамын деп жүгіріп шығу керек. Барлық балалар жан-жаққа қашады. Қу түлкі ұстап алуы керек. (дене қозғалысы) Балалардың өзіндік іс-әрекеттері.</p> | <p>Өрнек сызып, терезені торлайды. Қарға омбығып, Бет домбығып, Сырғанап балалар ойнайды. (көркем әдебиет) Жеке жұмыс. Жұмбақ жасыру. Тісі жоқ тістеп алады, Қолы жоқ сурет салады. (Аяз) К/қозғалыс ойыны: «Көлеңке» Мақсаты: балалардың қимыл-қозғалыс, ойлау қабілетін дамыту Ойын шарты: Көлбең-көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем. Аю қалай жүреді, Кім көрсете біледі? Айнұр шығып сен көрсет. Тәрбиеші балаларды кезектеп атап, ортаға шығарып түрлі жануарлардың жүрісін салып көрсетуді сұрайды. (дене қозғалысы) Балалардың өзіндік іс-әрекеті.</p> | <p>Қыс айында, мұз айында Жүгірсе зыр етеді. Бір адамды екеу ара Көтеріп ап кетеді. (Коньки) (көркем әдебиет) Жеке жұмыс: Тақпақтар жаттату. Өкпелетсе анасы, Өкпелетсе ағасы. Айтам дейді «әжеме», Әжесінің баласы. Қим. ойын: «Көжектер мен түлкі» Мақсаты: балаларды шапшандыққа, ұйымшылдыққа үйрету. Ойын шарты: Бір бала түлкі болып сайланады, қалған балалар көжек бет пердесін киіп, дөңгелене отырады. Ойын жүргізуші: Көжектерім тұршы, беттеріңді жушы Ну орманға барайық, тамақтанып алайық. Қоян: Жалмандаған қу түлкі, келіп қапты орманнан. Көжектерім қайда? - деп, еріп келеді соңымнан. Көжектер ән ырғағымен секіріп, қаша жөнеледі, түлкі қуады. (дене қозғалысы)</p> |
|--|---|--|---|--|

| | | | | | |
|---|---|--|--|---|---|
| | қарай жүгіріп, оны қоршап алады, ал ол балалармен әңгімелеседі, олардың жаттығуды жақсы тырысып орындағандарын айтады. (дене қозғалысы) Балалардың өзіндік іс-әрекеті. | қайталанады. (дене қозғалысы) Балалардың өзіндік іс-әрекеті. | | | Балалардың өзіндік іс-әрекеті. |
| Серуеннен оралу | Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету: - Түймелерді ретімен ағытамыз. - Киімдерді рет-ретімен шешіп орнына іліп қоямыз. - Аяқ киімді шешіп, екінші аяқ киімді киеміз. - Шалбарымызды шешіп топқа киетін киімдерімізді киеміз. Киімдерді бүктеп қоямыз. (сөйлеуді дамыту, еңбек әрекеті). | | | | |
| Түскі ас | Гигиеналық шаралар: Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) «Тамақты шашпай ішіп үйренеміз». (сөйлеуді дамыту) | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (Вариативтік, жеке, қосымша бағдарлама) | Сюжетті рөлді ойын: «Шаштараз» Мақсаты: Шаштараз мамандығы жайлы білімдерін кеңейту, Әйелдер залы, ерлер залы. Олардың айырмашылығын білу. Шашатарды кию, сәндеу. Шарты: | Сюжетті рөлді ойын: «Дүкен. Киімдер бөлімі» Мақсаты: Балаларға дүкенде жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбектері туралы білім беру, қызығушылықтарын арттыру. Рөлдерге бөлініп ойнауға үйрету. | Сюжетті рөлді ойын: «Дүкен » ойыншықтар Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін кеңейту, ойын барысында сатушы мамандығы жайлы білімдерін тиянақтау. Ойынды рөлдерге бөліп ойнауға үйрету. Керекті құралдар: | Дидактикалық ойын: «Үйдің терезесін жабайық» Мақсаты: Түстеріне қарай терезелерді ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. Шарты: Қағаздан қиылған, терезесі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Түстерді ажырата | Сюжетті рөлді ойын: «Дүкен. Киімдер бөлімі» Мақсаты: Балаларға дүкенде жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбектері туралы білім беру, қызығушылықтарын арттыру. Рөлдерге бөлініп ойнауға үйрету. Керекті құрал- |

| | | | | | |
|---|--|---|---|--|---|
| | <p>«Анасы қызын шаштаразға апара жатыр» «Әкесі ұлын шаштаразға » «Қуыршақтарға арнап әдемі шаш үлгілерін жасаймыз» «Өзімізге арнап шаш үлгісін жасаймыз» Соны мен қатар балалар шаштаразшының жұмысын бағалайды. <i>(сөйлеуді дамыту)</i></p> | <p>Керекті құрал-жабдықтар: сөрелер, таразы, касса, ақша, киімдер. Шарты: Баласына әр түрлі мезгілге арналған киімдер алып беру. Ата-ана рөлін сомдау. Киімді дұрыс тандай білуге баулу. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i></p> | <p>сөрелер, сатушы, ойыншықтар, касса, ақша, сатып алушылар. Шарты: Сатушы және бала, сөйлейтін ойыншық рөлін ойнау, бала өзі жалғыз дүкенге келеді және оған сөйлейтін ойыншық кездеседі ол оған жалғыз жүруге болмайтының және ата-анасының рұқсатынсыз алуға болмайтынын айтады. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i></p> | <p>отырып, терезелерді жабуды ұсыну. <i>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</i></p> | <p>жабдықтар: сөрелер, таразы, касса, ақша, киімдер. Шарты: Баласына әр түрлі мезгілге арналған киімдер алып беру. Ата-ана рөлін сомдау. Киімді дұрыс тандай білуге баулу. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i></p> |
| <p>Балалармен жеке жұмыс</p> | <p>Ибрагимге тақпақ жаттату. Келді жаңа жылымыз, Құтты болсын баршаға. Шыршамыз тұр ортада, Тойлайықшы шаттана. Мақсаты: сөздерді анық айтқызу, тілін дамыту. <i>(сөйлеуді дамыту)</i> Айгерім- шыршаны жапсыру <i>(жапсыру)</i></p> | <p>Фатимамен жыл мезгілдері туралы әңгімелесу. Мақсаты: Табиғат құбылыстарын атау. Баланың есте сақтау, ойлау қабілетін, зейінін дамыту. <i>(сөйлеуді дамыту)</i> Дәуіржанға қар түйіршіктерін салғызу. <i>(сурет салу)</i></p> | <p>«Тез ойла» Мақсаты: Балалардың заттарды салыстыру, оң жақ, сол жақ сияқты түсініктерін дамыту. <i>(математика негіздері)</i> М.Адия- мозайка. Шыршаны безендіру. <i>(жапсыру)</i></p> | <p>Н.Айарумен қысқы ойындар жайлы әңгімелесу. Мақсаты: суретке қарап өз ойын толық жеткізе білуге үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту)</i> Сафияға, Асаналиге шананың суретін боятқызу. <i>(сурет салу)</i></p> | <p>Нұрасылға түстерді жаттатқызу. <i>(математика негіздері)</i> Қысқы киімдерді тауып бояу. <i>(сурет салу)</i></p> |
| <p>Ата-аналарға кеңес, балалардың үйіне қайтуы</p> | <p>Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.</p> | | | | |
| | Ата-аналарға кеңес: | Ата-аналарға кеңес: | Медбике кеңесі: | Ата-аналарға кеңес: | "Жаңа жылдық |

| | | | | |
|--|--|--|---|---|
| Баланы үйде аяк киімін оң, теріс деп үйрету. | Жаңа жылға байланысты қолөнер жасап әкелу. | «Балаларды тазалыққа тәрбиелеу» | Ертеңгілікте айтатын тақпақтарын үйде қайталау. | костюмдер" жеке әңгімелесу (костюмдер туралы кеңестер). |
|--|--|--|---|---|

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы**

**Білім беру ұйымы «Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебі» КММ жанындағы «Еркетай» шағын орталығы
Топ«Балақай»**

Балалардың жасы 3жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.12-29.12.2023 жыл IV апта

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 25.12.2023 | Сейсенбі 26.12.2023 | Сәрсенбі 27.12.2023 | Бейсенбі 28.12.2023 | Жұма 29.12.2023 |
|---|---|--|--|--|---|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу (сөйлеуді дамыту) . | | | | |
| | Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу. | Балалардың көңіл күйі , тазалығы дене денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | Ата-аналарға балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру тақырыбында кеңес беру. | Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа-райы қандай болып тұрғанын сұрау. |
| Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру | | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер) | Үстел үсті ойыны: «Заттарды салыстыру» Мақсаты: Балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету. Ұғымдардың мағынасын түсіндіріп, бір-бірінен ажыратуға баулу. Ойын-тілін танымдық әрекетін дамытып, баланы өзін қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: суреттер, ойыншықтар. Ойынның барысы: | Үстел үсті ойыны: «Мозайка» Мақсаты: Балаларға әр турлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбек-сүйгіштікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары. Ойынның барысы: Тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді | Үстел үсті ойыны: «Кезек» Ойын барысы: Сурет, карточкаларды немесе қандай да бір затты кезекке тұрғызу. Мысалы: тіс дәрігеріне, шаштаразға. Балалар артқа қарап тұруын сұраймыз да, қандай-да бір затты алып тастап, қайтадан «Кім кезектен қашып кетті?» — деп сұраймыз. Қайтадан ары қарап тұруын сұраймыз, карточкалардың орнын | Үстел үсті ойыны: «Жоғалған зат» Ойын барысы: Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала олар мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады. <i>(қоршаған ортамен танысу)</i> | Үстел үсті ойыны: «Жақс және жаман деген не?» картотека Мақсаты: қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру, адамдардың іс-әрекеттерін талдауға және оларға баға беруге үйрету. <i>(қоршаған ортамен танысу)</i> |

| | | | | | |
|----------------------------------|---|---|---|--|--|
| | <p>Балалар әр түрлі заттарды салыстырады, суретін салады, айырмашылығын белгілері бойынша айтады.</p> <p>Жуан - жіңішке Жалпақ - жіңішке Биік - аласа Үлкен -кіші Ұзын -қысқа ұғымдарын біліп үйренеді.</p> <p><i>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</i></p> | <p>(ойыншықты) көрсетіп, бұл-мозаика деп аталатынын, одан геометриялық пішіндер, заттар құрасытуға болатынын айтады.</p> <p>Балаларға өрнектердің түсі үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі.</p> <p><i>(математика негіздері)</i></p> | <p>аууыстырып, «Кім кезегін шатастырып алды?» — деп сұраймыз.</p> <p>Содан кейін карточкаларды төңкеріп, «Көбелек қайда ұйықтап жатыр?», «Піл қайда ұйықтап жатыр?» және т.б сұраймыз.</p> <p><i>(қоршаған ортамен таныстыру)</i></p> | | |
| <p>Таңертенгі жаттығу</p> | <p style="text-align: center;">ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ (затсыз орындалады)</p> <p>Мақсаты: баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.</p> <p>1.«Қ ұ с т а р » («Т о р ғ а й л а р », «Қ а з »).</p> <p>Б.қ .: аяқ ты алшақ қ ойып, қ олды артта ұ стау (тө мен тү с і ру). Қ олды екі жақ қ а созып, бұ лғ ау –қ а н а т т а р ы н с е р м е у, қ олды тү с і ру. Қ олды баяу тү с і ру жә не «шиқ -шиқ », «қ ақ -қ ақ қ ақ ».</p> <p>2. «С ағ а т с ы р т ы л д а й д ы».</p> <p>Б.қ .: аяқ ты алшақ қ ою, қ олды белге қ ою. Алғ а, тө мен и і лу, «б о м», – деп, тү зу тұ ру (б р е т).</p> <p>1. «Ж оғ а р ы с о з ы л».</p> <p>Б.қ .: ө к ше мен о т ы р ы п, қ олды белге қ ою. Т і з е р л е п о т ы р ы п, с о з ы л ы п, ж оғ а р ығ а қ а р а у, б.қ .-қ а о р а л у, «о т ы р д ы қ », – деп айт у (5-б р е т қ а й т а л а у).</p> | | | | |

| | | | | | |
|------------------------|--|--|--|--|---|
| | <p>4. «Қ ұ л а м а қ ».</p> <p>Б.қ .: О с ы л а й ш а а л ғ а , а р т қ а ш а й қ а л у (б і р ж а қ т а н е к і н ш і ж а қ қ а). 3-4 р е т ш а й қ а л ғ а н н а н к е й і н т о қ т а у , д е м а л у (4-5 р е т қ а й т а л а у).</p> <p>5. «Қ о я н ».</p> <p>Б.қ .: а я қ т ы с ә л а ш ы п , қ о л д ы ң ш ы н т а қ т а н б ү г і п т ұ р у . 10-15 р е т с е к і р у ж ә н е б і р о р ы н д а т ұ р ы п ж ү р у . Ж е ң і л с е к і р у (3-4 р е т қ а й т а л а у).</p> <p>6. «Ш а р ».</p> <p>Б.қ .: о с ы л а й ш а ш а р ү р л е у ж ә н е о н ы ж о ғ а р ы ұ ш ы р у д ы с а л у . (4-6 р е т қ а й т а л а у .)</p> | | | | |
| <p>Таңғы ас</p> | <p>Гигиеналық шаралар: Таңғыасалдындақолдары жуу, қолдысүртужәнеорамалды орнынаілу. Көркем сөз: Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан</p> | <p>Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Дымқылдап күнде сен, Қолыңды сүйкесең. Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Тамақтану (өз орнын біл дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)</p> | <p>Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдары жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Су, су менің бетімді жу. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Тамақтану (өз орнын біл дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)</p> | <p>Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Тамақтану (өз орнын біл дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)</p> | <p>Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Су, су менің бетімді жу. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)</p> |

| | | | | | |
|---|--|---|--|--|--|
| | кейін алғыс айту) | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту. | | | | |
| | Саусақ жаттығуы: Саусақтардың амандасуы Бас бармақ өзінен басқа саусақтардың атын атап амандасады - Сәлеметсіңбе, Балаң үйрек! - Сәлем, Ортан терек! - Амансыңба, Шылдыр шүмек! - Қалың қалай, Кішкене бөбек! (Бас бармақ кезекпен барлық саусақтарға ұшы тигізіп амандасады) <i>(сөйлеуді дамыту)</i> | Саусақ жаттығуы: «Менің отбасым» Бас бармақ – ата Сұқ саусақ – әже Ортан терек – әке Шылдыр шүмек – ана Кішкене бөбек – мен <i>(сөйлеуді дамыту)</i> | Саусақ жаттығуы: «Кірпі» Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! <i>(сөйлеуді дамыту)</i> | Саусақ жаттығуы: «Көмекшілерге алғыс білдіру» - Рахмет саған, көздерім, сендер бәрін көресіңдер. (көзерін қолмен басу) - Рахмет саған, құлақтарым, сендер бәрін естисіңдер. (құлақтарын ұстау) - Рахмет саған, қолдарым, сендер бәрін істейсіңдер. (шапалақтау) - Рахмет саған, аяқтарым, енді, сендер топылдатып жүресіңдер. (топылдату) <i>(сөйлеуді дамыту)</i> | Саусақ жаттығуы: «Саусақтардың амандасуы» Бас бармақ өзінен басқа саусақтардың атын атап амандасады - Сәлеметсің бе, Балаң үйрек! - Сәлем, Ортан терек! - Амансың ба, Шылдыр шүмек! - Қалың қалай, Кішкене бөбек! (Бас бармақ кезекпен барлық саусақтарға ұшы тигізіп амандасады) <i>(сөйлеуді дамыту)</i> |
| Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз шананы сүйрейміз» (таза ауада) Мақсаты: Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет | Қазақ тілі Жаңа жыл мерекесі жайлы айта білуге үйрету. Сөздік минимум жаңа жыл, Аяз ата, Ақшақар, шырша «Аяз атаға арналған қапшық» үстел үсті ойыны | Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аязатаның сыйлықтары» Мақсаты: Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға-оңға) бұрылу; солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты көтеру және түсіру, | Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) | Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ақшақар мен ойнаймыз» Мақсаты: тепе-теңдікті және қимыл үйлесімділігін сақтау дағдысын қалыптастыру. Ойын: «Қонаққа барайық» |

| | | | | | |
|--|---|---|--|--|---|
| | етуге үйрету. | | аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); Ойын: «Әр сыйлықты өз қорабына сал» | | |
| | <p>"Қонжық орманда жүреді" қимыл жаттығуы. Мақсаты: балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Қонжық орманда жүреді, (Екі аяқ иық енінде, қол белде) Маймаңдайды, теңселеді. (Маймаңдау, қонжық жүрісіне еліктеу) Маймаңдайды, теңселеді, Тәтті жидекті тереді. (Отыру, саусақтармен еденді соққылау) Ағаштарға жорғалайды, (Екі қол кеуде алдында бүгулі; колдарды көтеріп-түсіру, аяқтарды, түзе бүгіп, кезек көтеріп-түсіру) - Бал бересің бе? - сұрайды. (Екі</p> | <p>Қимылды ойын: «Торғайлар мен автомобиль» Мақсаты: балалардың зейінің дамыту, шапшандыққа үйрету. Ойын шарты: Балалар бөлменің немесе аланның бір жағында отырады. Олар ұяларында отырған торғайлар. Бір бала автомобиль бейнелейді. (аланның қарама-қарсы жағында) Тәрбиеші: «Жол жүріп ұшып кеттік, торғайлар»-деген сөзіне, балалар жүгіреді, құстар сияқты қанаттарын қағып. Біраз уақыт өткен сон: «Байқандар, автомобиль келе жатыр»-дейді. Балалар(торғайлар) ұяларына ұшып бара қонады. (дене шынықтыру) Ақ аю-жапсыру, қысқы орман ағаштарын бояу.</p> | <p>«Қанатты достар» құстар туралы әңгіме. Мақсаты: балаларды балабақша ауласындағы құстармен таныстыру. (торғай, қарға, сауысқан көгершін) Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қап» Мақсаты: Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға таныс ойыншықтар мен заттарды жәшікке жинайды. Балаларға менде бір сиқырлы дорба бар онда не бар екен дейді. Кәне көрейік! Бір ойыншықты алып шығып, мынау не дейді? Балалар заттың атын атайды. Кейін жұмбақтарды шешуге болады. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Дайын пішіндерден</p> | <p>«Ит адамның досы» әңгіме Мақсаты: сурет мазмұнына қарай әңгіме құру білігін жетілдіру. (педагог үлгісі бойынша), бала бойында сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту, үй жануарларына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оларға қамқорлық жасауға үйрету. Дидактикалық ойын: «Ит пен қоян» Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Шарты: Ойын жазық алаңда ойналады. Бір бала ит болады да, қалғаны қоян болады. Бұдан кейін «ит», «қояндарды» қуып ұстауға тырысады. Өзі ұстаған балалардың барлығын итке айналдарды. Сөйтіп барлық қояндар итке айналғанша ойын</p> | <p>«Қыс мезгілінде не киеміз?» әңгіме. Мақсаты: Балаларға киім, киім түрлері, қысқы киімдер туралы түсінік беру.Әр мезгілде киетін киімдерді атай білуге, сауалнамалар өткізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Киімді ұқыпты, таза киюге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Қолғаптың сыңарын тап?» Мақсаты: Балаларға оң мен солды ажыратуға, түстер бойынша топтастыруға үйрету. Шарты: Бірдей қолғаптарды топтастыру. (математика негіздері) Қолғаптын суретін бояу, ермексаздан мүсіндеу. (сурет салу, мүсіндеу)</p> |

| | | | | | |
|---------------------------------|---|---|---|--|---|
| | <p>алақанды қосып, үйкелеу) - Бал бересің бе? - сұрайды. Жерге түсіп, маймандайды. (Маймандап жүру) Д. Ахметова <i>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</i> Қонжықты суретін бояу, қонжықты дайын пішіндерден жапсыру, кұтыдағы балды ермексаздан мүсіндеу. <i>(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</i></p> | <p><i>(сурет салу, жапсыру)</i></p> | <p>тоты құстын бейнесін жапсыру, суретін бояу, түстерін атау. <i>(математика негіздері, сурет салу, жапсыру)</i></p> | <p>жалғаса береді. <i>(дене шынықтыру)</i> Кішкентай күшікке арналған үйшік. Күшіктің суретін бояу. <i>(жапсыру, сурет салу)</i></p> | |
| <p>Серуенге дайындық</p> | <p>Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) «Біз киініп үйренеміз» әңгіме Мақсаты: балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету. (көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет, өз-өзіне қызмет көрсету) «Ретімен шешініп, киім ауыстырып кию» Алдымен аяқ киімді шешіп сөреге қоямыз. Күртешемізді шешіп ілеміз, бас киімді орнына қоямыз. Шалбар мен жемпірімізді шешіп, топқа киетін жеңіл киімдерімізді киеміз. <i>(сөйлеуді дамыту)</i></p> | | | | |
| <p>Серуен</p> | <p>Көліктерді бақылау Мақсаты: Көліктерді, олардың түстерін, түрлерін ажырата білуге үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Еңбек: Айналаны</p> | <p>Боранды күнге бақылау жасау Мақсаты: Боранды күнге бақылау жасай білуге үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Еңбек: Жаңа түскен</p> | <p>Қыстап қалатын құстарға бақылау жасау Мақсаты: қыстап қалатын құстар туралы түсінік беру. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i></p> | <p>Қар үстіндегі іздерді бақылау. Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айыра білуге үйрету.</p> | <p>Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу. Мақсаты: балаларға қар ұшқындарының қалай пайда болатыны жайлы айту, олардың құрылысымен таныстыру. Қар ұшқыны алты</p> |

| | | | | | |
|--|---|---|--|---|---|
| | <p>ұқыпты ұстайық. Мақсаты: Айналасын таза ұстауға тәрбиелеу. <i>(еңбек әрекеті)</i></p> <p>Жеке жұмыс Көркем сөз: Үлкен болып өскенде Машина алам мен де. Бірақ ол үшін әрине, Оқу керек күнде де. <i>(көркемәдебиет)</i></p> <p>Қим. ойын: «Көліктер» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, қырағылыққа баулу. Ойын шарты: Балалар шеңберге жиналады. Тәрбиеші шеңбердің ортасына тұрып, ойын ережесінің орындалуын бақылайды. Балалар машинаның өте жоғары жылдамдықпен жүргенін елестету арқылы «вжик» деген дыбыс шығарылады. <i>(дене қозғалысы)</i> Балалардың өзіндік іс-әрекеті.</p> | <p>қардан жолды тазалау. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. <i>(еңбек әрекеті)</i></p> <p>Жеке жұмыс Көркем сөз: Ұстасаң - қолға ілінбес, Қарасаң - көзге көрінбес. Жүрсе ізі жоқ, Көретін көзі жоқ. Гулесе күші бар, Таңқаларлық ісі бар. <i>(Боран)</i></p> <p>Жеке жұмыс: Жыланша ирелеңдеп жүруге үйрету. Қим. ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: Балаларды жасамдылыққа, мықтылыққа баулу. Ойын мазмұны: Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қ ол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады.</p> <p>Ақ қоян-ау, ақ қоян, Орныңнан тұрсаңшы, Шашыңды тарасаңшы.</p> | <p>Еңбек: Құстарға жем шашу Мақсаты: Қыстап қалатын құстарға қамқорлық жасау. <i>(еңбек әрекеті)</i></p> <p>Жеке жұмыс Көркем сөз: Қарға, қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар. Боран соқса қар болар, Бұтаға қонар қарғалар. <i>(көркем әдебиет)</i></p> <p>Қим. ойын: «Аюдың апанында» Мақсаты: балалардың сөздік қорын дамыта отырып, қимыл-қозғалыс іскерліктерін жетілдіру. Ойын шарты: Бір бала бөлме ортасында орындыққа отырады. (аю) Қалған балалар бөлме ішінде ақырын жайлап басып, төмендегі өлең жолдарын қайталайды: Өне аюдың апаны, жатыр онда дәу аю. Жайлап басып барайық, саңырауқұлақ, бүлдіргенді, Білдіртпей біз алайық. Ұйықтап жатқан аюды, оятып біз алмайық.</p> | <p>Жеке жұмыс Көркем сөз: Қандай суық қыс деген? Қалтырайды құс деген. Құлақшынды кимесең Құлағыңды тістеген. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i></p> <p>Еңбек: Ойын құралдарын қардан тазалау. Мақсаты: еңбекқор болуға тәрбиелеу. <i>(еңбек әрекеті)</i></p> <p>Қимылды ойын: «Қасқыр мен лақтар» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Шарты: Аралары 10-15 адым қашықтықта «қора » мен « өріс » сызылады. <i>(дене қозғалысы)</i></p> <p>Жеке жұмыс: Жұмбақтар жасыру Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ жүреді. Аузы жоқ ұлиды. (Боран) Өзіндік іс-әрекет: Аққала жасау. Қалаулары бойынша ойындар.</p> | <p>қанаттан тұрады, олар бір-біріне өте ұқсас келеді. Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі. <i>қоршаған ортамен таныстыру)</i></p> <p>Жеке жұмыс Көркем сөз: Қыста көлге мұз қатты, Табанымды мұздатты. Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i></p> <p>Еңбек: Ойын алаңын қардан тазарту. Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. <i>(еңбек әрекеті)</i> Қимылды ойын: «Күн мен түн»</p> |
|--|---|---|--|---|---|

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|---|
| | | <p>Бетінді жусаңшы, Әй-әй көйлек кисеңші, Біреудің қолын үзсеңші- Дегенде қоян болған бала тақпақтағы айты лған қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп бар ып шеңберді бұзуға т ырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қос ылып тұрады да үзілг ен жердегі оң жақтағ ы бала қоян болады. <i>(дене қозғалысы)</i> Балалардың өзіндік іс-әрекеті.</p> | <p>Соңғы өлең жолдарын айтқан кезде аю, оянып кетіп балаларды ұстау үшін қуады. <i>(дене қозғалысы)</i> Балалардың өзіндік іс- әрекеті..</p> | | <p>Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Шарты: Балалар бірі «Күн», екіншісі «Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір- бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші «Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді. <i>(дене қозғалысы)</i> Балалардың өзіндік іс-әрекеті.</p> |
| <p>Серуеннен оралу</p> | <p>Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету: - Түймелерді ретумен ағытамыз. - Көйлек, шалбарды шешеміз, ақырын іліп қоямыз. - Көйлекті шешіп, оны шалбарға, шортиға қосып іліп қоямыз. - Аяқ киімді шешіп, екінші аяқ киімді киеміз. - Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз. <i>(сөйлеуді дамыту, еңбек әрекеті).</i></p> | | | | |
| <p>Түскі ас</p> | <p>Гигиеналық шаралар:Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу»</p> | | | | |

| | | | | | |
|--|---|--|---|--|--|
| | <p>Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) «Қонжыққа қасықты қалай ұстауды үйретеміз» (сөйлеуді дамыту)</p> | | | | |
| <p>Балалардың дербес іс-әрекеті (Вариативтік, жеке, қосымша бағдарлама)</p> | <p>Сюжетті-рөлді ойын: «Балабақшада» Мақсаты: тәртіптік дағдыларын бекіту, сөздіктегі сөздерді қолдану. Шарты: Балалар бірі медбике,бірі кір жуушы, бірі аспаз, тәрбиеші болып бөлініп күнделікті балабақша өмірін сомдайды. <i>(сөйлеуді дамыту)</i> «Ғажайып бояу» эксперименттік қызметі Мақсаты: жаңа түстерді енгізу арқылы түс туралы түсініктерді кеңейту <i>(эксперименттік қызмет)</i></p> | <p>Дид. ойын: «Дәл осындай пішінді тап» Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Шарты: Балалардың алдарына әр түрлі геометриялық пішіндер таратылады. Түстеріне қарап қандай геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. <i>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</i></p> | <p>Сюжетті-рөлді ойын: «Дүкен. Жеміс-жидектер бөлімі» Мақсаты: Жеміс-жидектердің атауларын қайталау, дүкенде не бар екенін, қанша тұратынын, өзінің не сатып алатынын айта алуға үйрету. Қоғамдық орындарда қарым-қатынас жасай білуге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту, сауатты жазу, оқуға дағдыландыру, ауызша сөйлеуге жаттықтыру. Шарты: Жеміс – жидектердің адамға деген пайдасын және оны сатушының көмегі орасан зор екені туралы білетін болады. Сатушы бала мен сатып алушы балалар болып бөлініп жемістер сатып алып ол туралы өз ойларын айтады. <i>(сөйлеуді дамыту – ойын, қоршаған ортамен таныстыру)</i></p> | <p>Дид. ойын: «Дәл осындай пішінді тап» Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Шарты: Балалардың алдарына әр түрлі геометриялық пішіндер таратылады. Түстеріне қарап қандай геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. <i>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</i></p> | <p>Сюжетті-рөлді ойын: «Дәрігер» (педиатр) Мақсаты: Балалардың дәрігер мамандығы жайлы білімдерін кеңейту, балалар дәрігері (педиатр), жедел жәрдем дәрігері, окулист, тіс дәрігері т.б түрлерімен таныстыру. Топта ойынды ұйымдастыру барысында достық қарым-қатынасты нығайту. Шарты: дәрігер, медбике, ауру адам рөлін орындау керек. Бір бала ауру адам болады, екі бала ата-анасы болады, медбике укол салады, анасы мен әкесі балаға уколдан қорықпауға камқорлық жасап, өздерін ата-ана рөлінде сезініп, мейрімділікке баулу. <i>(сөйлеуді дамыту – ойын, қоршаған ортамен таныстыру)</i></p> |
| Балалармен | Жаңа жыл ертеңгілігіне | «Менің отбасыммен | Жұмбақ шешу | Шаңғы суретін | «Жабайы жануарлар» |

| | | | | | |
|---|---|---|--|---|--|
| <p>жеке жұмыс</p> | <p>берілген тақпақтармен әндерді қайталау. Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту. <i>(сөйлеуді дамыту)</i> К.Адияға шыршаны мүсіндеуге үйрету</p> | <p>бірге атап өтетін мереке» әңгіме. Мақсаты: балалар өз отбасындағы атап өтетін мереке туралы қысқаша әңгіме құрай білу. <i>(сөйлеуді дамыту)</i> тәтті тоқаштарды мүсіндеуге үйрету.</p> | <p>арқылы ойлануға үйрету, дыбыстарды анық айтуға үйрету. Қонып алып жарға, Қарқылдайды Өзі сақ, өзі ұзын, Шықылықтап тұрмайды. Қарға <i>(қоршаған ортамен таныстыру)</i></p> | <p>салғызу, қарындашты дұрыс ұстауға үйрету, екі жолды сызық сала білуге үйрету. <i>(сурет салу)</i> Қалған балалар топтарға бөлінеді және кіші топтарда жұмыс істейді.</p> | <p>туралы Сабинамен әңгімелесу, орманда жабайы жануарлар мекендейтіні туралы түсінік беру. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Қалған балалар топтарға бөлінеді және кіші топтарда жұмыс істейді.</p> |
| <p>Ата-аналарға кеңес, балалардың үйіне қайтуы</p> | <p>Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.</p> | | | | |
| | <p>Ата-анаға кеңес: Балаға үйде жиі қарындаш берудің пайдасы.</p> | <p>Ата-анаға кеңес: «Балабақшадағы баланың киімі»</p> | <p>Жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу.</p> | <p>Ата-аналарға кеңес. «Ұйқының жетіспеушілігі неге әкеледі?»</p> | <p>Ата-аналарға және балаларға жақсы демалуға тілек білдіру.</p> |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы**

**Білім беру ұйымы «Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебі» КММ жанындағы «Еркетай» шағын орталығы
Топ«Балақай»**

Балалардың жасы 3жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 03.01-05.01.2023 жыл I апта

| Күн тәртібінің кезеңдері | | | Сәрсенбі 03.01.2023 | Бейсенбі 04.01.2023 | Жұма 05.01.2023 |
|--|--|--|---|---|---|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) | | | | |
| | | | Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу. | Ата-аналарға балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру тақырыбында кеңес беру. |
| Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру | | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер) | | | Үстел үсті ойыны: «Заттарды салыстыру» Мақсаты: Балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету. Ұғымдардың мағынасын түсіндіріп, бір-бірінен ажыратуға баулу. Ойын-тілін танымдық әрекетін дамытып, баланы өзін қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: суреттер, ойыншықтар. Ойын барысы: Балалар | Үстел үсті ойыны: «Мозайка» Мақсаты: Балаларға әр турлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбек-сүйгіштікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: мозайка ойыншықтары. Ойынның барысы: Тәрбиеші мозайка | Үстел үсті ойыны: «Жақсы және жаман деген не?» Мақсаты: қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру, адамдардың іс-әрекеттерін талдауға және оларға баға беруге үйрету. Ойын атрибуттары: суреттер Ойынның барысы: балаларға суреттер таратып беріледі, балалар бір суретті таңдап, жақсы |

| | | | | | |
|---------------------------|---|--|---|--|--|
| | | | <p>әр түрлі заттарды салыстырады, суретін салады, айырмашылығын белгілері бойынша айтады.</p> <p>Жуан - жіңішке Жалпақ - жіңішке Биік - аласа Үлкен - кіші Ұзын - қысқа ұғымдарын біліп үйренеді. <i>(сөйледуді дамыту, математика негіздері)</i></p> | <p>бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, бұл-мозаика деп аталатынын, одан геометриялық пішіндер, заттар құрасытруға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсі үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі. <i>(математика негіздері)</i></p> | <p>немесе жаман қылық жасап жатқаның ажыратып айтып беру. <i>(сөйледуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</i></p> |
| Таңертенгі жаттығу | <p>ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ (затсыз орындалады) Мақсаты: баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.</p> <p>1. «Саусақтарды ойнату». Б.қ.: аяқты алшақ қойып, қолды белге қою. Қолды алға созып, саусақтарды қозғау, қолды белге қою. 4-6 секундтан кейін қолды түсіру. Осылайша қолды екі жаққа созу. Еркін тыныс алу. (4 рет қайталау).</p> <p>2. «Иілу және тік тұру». Б.қ.: аяқты алшақ қойып отыру, қолды артта ұстау. Алға иілу, алдыға қарау, б.қ.-қа оралу. Еркін тыныс алу. (5 рет қайталау.)</p> <p>3. «Қысқа және ұзын аяқтар». Б.қ.: аяқты алшақ қойып, қолды белге қою. Отыру – қысқа аяқтар, тік тұру – ұзын аяқтар. Осылайша Б.қ.-тан отырып, шалқадан жатып орындау. «Қысқа», – деп айту. (5 рет қайталау.)</p> <p>4. «Торғай». Б.қ.: аяқты алшақ қойып, қолды төмен түсіру. 8-10 рет секіру және 8-10 рет адымдау. Жеңіл секіру. Еркін тыныс алу. 3 рет қайталау. Жаттығуды аяқтап, жүру.</p> | | | | |
| Таңғы ас | | | Гигиеналық шаралар: Таңғы ас | Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында | Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында |

| | | | | | |
|---|--|--|---|--|---|
| | | | <p>алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.</p> <p>Көркем сөз: Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</i></p> <p>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)</p> | <p>қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.</p> <p>Көркем сөз: Дымқылдап күнде сен, Қолыңды сүйкесең. Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)</i></p> <p>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)</p> | <p>қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.</p> <p>Көркем сөз: Су, су менің бетімді жу. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</i></p> <p>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)</p> |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін тандау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту. | | | | |
| | | | <p>Саусақ жаттығуы: «Кірпі» Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа,</p> | <p>Саусақ жаттығуы: «Көмекшілерге алғыс білдіру» - Рахмет саған, көздерім, сендер бәрін көресіңдер. (көзерін қолмен басу) - Рахмет саған, құлақтарым, сендер бәрін естисіңдер. (құлақтарын ұстау) - Рахмет саған,</p> | <p>Саусақ жаттығуы: «Саусақтардың амандасуы» Бас бармақ өзінен басқа саусақтардың атын атап амандасады - Сәлеметсің бе, Балаң үйрек! - Сәлем, Орган терек! - Амансың ба, Шылдыр шүмек! - Қалың қалай, Кішкене</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|---|---|---|
| | | | Өкпелеме жарайма! (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) | қолдарым, сендер бәрін істейсіңдер. (шапалақтау) - Рахмет саған, аяқтарым, енді, сендер топылдатып жүресіңдер. (топылдату) (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) | бөбек! (Бас бармақ кезекпен барлық саусақтарға ұшын тигізіп амандасады) (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) |
| Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | | | Дене шынықтыру Тақырыбы: Қоянның сыйлығы Мақсаты: аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеруге дағдылау. Ойын: «Ұядағы құстар» | Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) | Дене шынықтыру Тақырыбы: Мұзы қатқан айдынды, Жаңа жауған қар басты Мақсаты: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау; Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Ойын: «Тиіп кетпе» |
| | | | «Қуыршақ қонаққа келді» Мақсаты: Дауысты (а,ы) және кейбір дауыссыз (к-к, т-д) дыбыстарды анық айту. Ыдыс-аяқ атауларын меңгерту арқылы пассивті және белсенді сөздік қорын кеңейту. Түрлі әрекеттерді ауызша жеткізу қабілетін | «Асханадағы ыдыс-аяқ» Мақсаты: ыдыс-аяқ туралы түсініктерін кеңейту; қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. «Ас бөлмесіндегі ыдыстар» ойыны Сұрақтар қояды: -Мынау не? -Оны қайда қайнатамыз? | «Кім мяу деді?» ертегісі Мақсаты: Жаңа ертегілерді, әңгімелерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. |

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|--|
| | | <p>дамыту. Балаларға ыдыстар мен тағамдардың аттарын үйрету, оларды ажыратуға жаттықтыру. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Не жетіспейді?» Мақсаты: есте сақтау қабілетін дамыту, түстерді ажырата білуге үйрету. Шарты: тәрбиеші үстелге әртүрлі ыдыс-аяқтарды қояды. Балалар заттарды есте сақтауға тырысады, содан кейін көздерін жұмып, бұрылады. Тәрбиеші бір затты жасырады. Балалар көздерін ашып, үстелден не жоғалып кеткенін еске түсіруге тырысады. (математика негіздері)</p> <p>«Әдемі шәй шыныаяқтары» саусақпен сурет салу Мақсаты: бейнелеу іс-әрекетінің дәстүрлі емес техникасын қолдана отырып, сурет салу дағдыларын жетілдіру</p> | <p>-Шәйнек пен қазан ұқсас па? -Неге? т.б Салыстырады, белгілеріне қарай ыдыстарды ажыратады. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Сергіту сәті: Сәлем, мен шәйнекпін, <i>(Бір қолымен шүмегін ұстайды)</i> Өзім үлкен, жуанмын. <i>(Келесі қолын беліне қояды),</i> Міне, менің қолым, <i>(Беліндегі қолын көтеріп, қайта беліне қояды)</i> Міне, менің мұрным Шай қайнайды-пф-пф-пф <i>(Секіреді, қайнаған шәйнектің дыбысын келтіреді)</i> Енді оны құямын. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақтақыздың мысығына жағымды, еркелететін сөздер айту. Мысықай-пысықай, сен Мақтақыздың сүтін тағы да төгіп алдың ба?</p> | <p>(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Түрлі-түсті мысықтар» Мақсаты: балаларда түсті қабылдауды дамыту. Көрнекі зейін мен есте сақтаудың дамуына ықпал ету. Шарты: балалар суреттерге қарап пішіндерді мысықтардың түсіне қарап орналастырады. Түрлі түсті мысықтар, Төбеге құлайды. Түрлі түсті мысықтар: Қара, ақ, сұр, қызыл, Көк және жолақты, Тіпті кішкентай мысықтар. Аналар бояғысы келмейді, Барлығы бірдей!</p> <p>Егер балалар болса, қандай қуаныш, Барлығы болады-бір түсті ме? (математика негіздері)</p> <p>Сергіту сәті "Мысық" Мысық таңертең оянды, әдемі созылды, әдемі төмен қарай еңкейіп, оңға-солға</p> | |
|--|--|--|---|--|--|

| | | | | |
|--|--|---|---|--|
| | | <p>(саусақпен сурет салу); балалардың түс туралы білімдерін бекіту. саусақтарыңызбен шыныаяққа шеңберлерді біркелкі жағуды, қарабайыр үлгілерді жасауды үйрену;</p> <p>ұсақ моториканы, қиялды, композиция сезімін дамыту;</p> <p>Шай шыныаяқтары бар суреттерді қарастыру</p> <p>Өлшемдері мен түстеріне назар аударатырып,</p> <p>демонстрациялық материалды (эртүрлі пішіндегі, өлшемдегі және түстердегі шай шыныаяқтары бар суреттер) көрсетеді.</p> <p>Балалар, әжеге қонақтар келеді екен, бірақ оларға шәй берейін десе шыныаяғы жетпейді екен. Сендерден көмек сұрайды.</p> <p>Енді бояулар мен саусақтарымызды қолдана отырып, біз шыныаяқтың ерекше сұлулығын жасаймыз. Сіздердің</p> | <p>- Балалар, ол осы жолы Мақтақыздың кесесін сындырып алыпты. Оған Мақтақыз ренжіп, «басқа кесе алып келмесең үйге кіргізбеймін» деген екен.</p> <p>Ермексаздан сынбайтын кесе жасап берейік.</p> <p>(Мүсіндеу)</p> | <p>бұрылып, ақырын кетіп қалды!</p> <p>(дене шынықтыру)</p> <p>«Көңілді мысықтар»</p> <p>Мақсаты: балаларға қағаздан мысық жасау тәсілдерін үйрету; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өз қолымен пайдалы және әдемі ойыншық жасауға деген ұмтылысты тәрбиелеу, желіммен жұмыс істегенде дәлдікке тәрбиелеу.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ортаңғы сызықты белгілеу үшін үлкен тіктөртбұрышты екіге бүктеу. 2. Біз бүктемеге мысықтың денесінің үлгісін қолданамыз. Біз қарындашпен сызып, бүктемені қолымызбен ұстап, кесіп тастаймыз. 3. Біз ақ шаршыны аламыз, оны шеңберге айналдырамыз. Біз бұрыштарды біркелкі кесеміз. 4. Біз басымызды дененің жоғарғы жағына жабыстырамыз. 5. Біз кішкене шаршыны аламыз. Біз оны диагональ бойынша кесеміз. Екі бірдей |
|--|--|---|---|--|

| | | | | | |
|--------------------------|---|--|--|---------------------------------------|--|
| | | | <p>әрқайсыларыңыз тек сіздің шыныаяқыңызда бейнеленетін ерекше сурет саласыздар. (Сурет салу)</p> | | <p>үшбұрыш шығады. 6. Құлақтарды басына жабыстырыңыз. 7. Біз құйрық үшін дайындама аламыз. Біз шаблонды қарындашпен жағып, айналдырамыз. Контур бойымен кесіңіз. 8. Біз құйрықты мысықтың денесіне жабыстырамыз. 9. Қоңыр тіктөртбұрыштардан еркін пішінді дақтарды кесіңіз. 10. Денеге жабыстырыңыз. Енді біз киізден жасалған қаламдарды алып, аздап қиялдаймыз және котенкамызды басқаша безендіреміз. Сіз оның көзін, мұрнын, басына немесе құлағына дақ сала аласыз. (Құрастыру)</p> |
| Серуенге дайындық | <p>Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) «Біз киініп үйренеміз» әңгіме Мақсаты: балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету. (көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет, өз-өзіне қызмет көрсету) «Ретімен шешініп, киім ауыстырып кию» Алдымен аяқ киімді шешіп сөреге қоямыз. Күртешемізді шешіп ілеміз, бас киімді орнына қоямыз. Шалбар мен жемпірімізді шешіп, топқа киетін жеңіл киімдерімізді киеміз. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> | | | | |
| Серуен | | | Суықторғайды бақылау | Қар үстіндегі іздерді бақылау. | Көліктерді бақылау Мақсаты: Көліктерді, |

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|--|
| | | | <p>Мақсаты: -Балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру; -Салыстыру, талдау, қортынды жасай білу туралы білімдерін толықтыру. (қоршаған ортамен таныстыру) Көркемсөз А. Мендібай Қарағай мен шыршаның Суықтан дені тоңып тұр. Бұл не ғажап қарасаң, Қайыңда алма өсіп тұр! Жақын келіп қарасам, Көзіме өзім сенбедім- Алқызыл болып көрінген, Әнші құсы орманның Суық торғай сен бе едің?</p> <p>Тәрбиеші жұмбақ жасырады: Айналаны қар басса да, Суықтан еш тоңбайды. Құс екенін бұл қандай, Қане, кім болжайды? Кеудесі қызыл әсем-ақ, ◆ Суықторғайдың кеудесінің түсі қандай? (ашық қызыл) ◆ Суықторғайлар</p> | <p>Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айыра білуге үйрету. Көркем сөз: Қандай суық қыс деген? Қалтырайды құс деген. Құлақшынды кимесең Құлағыңды тістеген. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Еңбек: Ойын құралдарын қардан тазалау. Мақсаты: еңбекқор болуға тәрбиелеу. (еңбек әрекеті) Қимылды ойын: «Қасқыр мен лақтар» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Шарты: Аралары 10-15 адым қашықтықта «қора » мен « өріс » сызылады. (дене шынықтыру) Жеке жұмыс: Жұмбақтар жасыру Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ жүреді. Аузы жоқ ұлиды.</p> | <p>олардың түстерін, түрлерін ажырата білуге үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру) Еңбек: Айналаны ұқыпты ұстайық. Мақсаты: Айналасын таза ұстауға тәрбиелеу. (еңбек әрекеті) Көркем сөз: Үлкен болып өскенде Машина алам мен де. Бірақ ол үшін әрине, Оқу керек күнде де. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Қимылды ойын: «Көліктер» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, қырағылыққа баулу. Ойын шарты: Балалар шеңберге жиналады. Тәрбиеші шеңбердің ортасына тұрып, ойын ережесінің орындалуын бақылайды. Балалар машинаның өте жоғары жылдамдықпен жүргенін елестету арқылы «вжик» деген дыбыс шығарылады.</p> |
|--|--|--|---|--|--|

| | | | | | |
|--|--|--|--|---|--|
| Балалармен жеке жұмыс | Ибрагимге тақпақ жаттату. Келді жаңа жылымыз, Құтты болсын баршаға. Шыршамыз тұр ортада, Тойлайықшы шаттана. Мақсаты: сөздерді анық айтқызу, тілін дамыту. <i>(сөйлеуді дамыту)</i> Айгерім- шыршаны жапсыру <i>(жапсыру)</i> | Фатимамен жыл мезгілдері туралы әңгімелесу. Мақсаты: Табиғат құбылыстарын атау. Баланың есте сақтау, ойлау қабілетін, зейінін дамыту. <i>(сөйлеуді дамыту)</i> Дәуіржанға қар түйіршіктерін салғызу. <i>(сурет салу)</i> | «Тез ойла» Мақсаты: Балалардың заттарды салыстыру, оң жақ, сол жақ сияқты түсініктерін дамыту. <i>(математика негіздері)</i> М.Адия- мозайка. Шыршаны безендіру. <i>(жапсыру)</i> | Н.Айарумен қысқы ойындар жайлы әңгімелесу. Мақсаты: суретке қарап өз ойын толық жеткізе білуге үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту)</i> Сафияға, Асаналиге шананың суретін боятқызу. <i>(сурет салу)</i> | Нұрасылға түстерді жаттатқызу. <i>(математика негіздері)</i> Қысқы киімдерді тауып бояу. <i>(сурет салу)</i> |
| Ата-аналарға кеңес, балалардың үйіне қайтуы | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |
| | Ата-аналарға Баланы үйде аяқ киімін оң, теріс деп үйрету туралы айту. | Ата-аналарға «Қысқы ағаштар» тақырыбына байланысты қолөнер жасап әкелу туралы айту. | Медбике кеңесі: «Балаларды тазалыққа тәрбиелеу» | Ата-аналарға кеңес: «Қыс мезгіліндегі ауа-райына бейімделу ерекшеліктері» | Үйде жабайы жануарлар туралы мультфильмді бірге көру, талдау, «Жабайы жануарлар» кітапшасын жасап келу туралы айту. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы**

**Білім беру ұйымы «Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебі» КММ жанындағы «Еркетай» шағын орталығы
Топ«Балақай»**

Балалардың жасы 3жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 30.01-03.02.2024 жыл

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 29.01.2024 | Сейсенбі 30.01.2024 | Сәрсенбі 31.02.2024 | Бейсенбі 01.02.2024 | Жұма 02.02.2024 |
|---|---|--|--|--|---|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет). | | | | |
| | Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу. | Балалардың көңіл күйі , тазалығы дене денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | Ата-аналарға балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру тақырыбында кеңес беру. | Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа-райы қандай болып тұрғанын сұрау. |
| Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру | | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер) | Үстел үсті ойыны: «Заттарды салыстыру» Мақсаты: Балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету. Ұғымдардың мағынасын түсіндіріп, бір-бірінен ажыратуға баулу. Ойын-тілін танымдық әрекетін дамытып, баланы өзін қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: | Үстел үсті ойыны: «Мозайка» Мақсаты: Балаларға әр турлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбек-сүйгіштікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: мозайка ойыншықтары. Ойынның барысы: Тәрбиеші мозайка | Үстел үсті ойыны: «Кезек» Ойын барысы: Сурет, карточкаларды немесе қандай да бір затты кезекке тұрғызу. Мысалы: тіс дәрігеріне, паштаразға. Балалар артқа қарап тұруын сұраймыз да, қандай-да бір затты алып тастап, қайтадан «Кім кезектен қашып кетті?» — деп сұраймыз. Қайтадан ары қарап | Үстел үсті ойыны: «Жоғалған зат» Ойын барысы: Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала олар мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырында өсіруге болады. (қоршаған ортамен танысу) | Үстел үсті ойыны: «Жақсы және жаман деген не?» картотека Мақсаты: қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру, адамдардың іс-әрекеттерін талдауға және оларға баға беруге үйрету. (қоршаған ортамен танысу) |

| | | | | | |
|----------------------------------|--|--|---|--|--|
| | <p>суреттер, ойыншықтар. Ойынның барысы: Балалар әр түрлі заттарды салыстырады, суретін салады, айырмашылығын белгілері бойынша айтады. Жуан - жіңішке Жалпақ - жіңішке Биік - аласа Үлкен - кіші Ұзын - қысқа ұғымдарын біліп үйренеді. <i>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</i></p> | <p>бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, бұл-мозаика деп аталатынын, одан геометриялық пішіндер, заттар құрасытруға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсі үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі. <i>(математика негіздері)</i></p> | <p>тұруын сұраймыз, карточкалардың орнын аууыстырып, «Кім кезегін шатастырып алды?» — деп сұраймыз. Содан кейін карточкаларды төңкеріп, «Көбелек қайда ұйықтап жатыр?», «Піл қайда ұйықтап жатыр?» және т.б сұраймыз. <i>(қоршаған ортамен таныстыру)</i></p> | | |
| <p>Таңертенгі жаттығу</p> | <p style="text-align: center;">ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ (затсыз орындалады)</p> <p>Мақсаты: баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.</p> <p>1. «Құстар» («Торғайлар», «Қаз»).</p> <p>Б.қ.: аяқты алшақ қойып, қолды артта ұстау (төмен түсіру). Қолды екі жаққа созып, бұлғау – қанаттарын сермеу, қолды түсіру. Қолдыбаяу түсіру және «шиқ-шиқ», «қақ-қаққақ».</p> <p>2. «Сағат сыртылдайды».</p> <p>Б.қ.: аяқты алшақ қою, қолды белге қою. Алға, төмен иілу, «бом», – деп, түзу тұру (6 рет).</p> <p>1. «Жоғары созыл».</p> <p>Б.қ.: өкшемен отырып, қолды белге қою. Тізерлеп отырып, созылып, жоғарыға қарау, б.қ.-қа оралу, «отырдық», – деп айту(5-6 рет қайталау).</p> <p>4. «Құламақ».</p> <p>Б.қ.: Осылайшаалға, артқа шайқалу (бір жақтан екінші жаққа). 3-4 рет шайқалғаннан кейін тоқтау, демалу (4-5 рет қайталау).</p> <p>5. «Қоян».</p> <p>Б.қ.: аяқты сәл ашып, қолдың шынтақтан бүгіп тұру. 10-15 рет секіру және бір орында тұрып жүру. Жеңіл секіру (3-4 рет қайталау).</p> | | | | |

| | | | | | |
|---|--|---|--|---|---|
| | 6. «Шар». Б.қ.: осылайша шар үрлеу және оны жоғары ұшыруды салу. (4-6 рет қайталау.) | | | | |
| Таңғы ас | <p>Гигиеналық шаралар: Таңғыасалдындақолдары жуу, қолдысүртужәнеорамалды орнынаілу. Көркем сөз: Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)</p> | <p>Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдары жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Дымқылдап күнде сен, Қолыңды сүйкесең. Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)</p> | <p>Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдары жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Су, су менің бетімді жу. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)</p> | <p>Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдары жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)</p> | <p>Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдары жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Су, су менің бетімді жу. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)</p> |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) | | | | |
| | <p>Саусақ жаттығуы: Саусақтардың амандасуы Бас бармақ өзінен басқа саусақтардың атын атап амандасады - Сәлеметсіңбе, Балаң</p> | <p>Саусақ жаттығуы: «Менің отбасым» Бас бармақ – ата Сұқ саусақ – әже Ортан терек – әке Шылдыр шүмек – ана Кішкене бөбек – мен</p> | <p>Саусақ жаттығуы: «Кірпі» Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын</p> | <p>Саусақ жаттығуы: «Көмекшілерге алғыс білдіру» - Рахмет саған, көздерім, сендер бәрін көресіңдер. (көзерін қолмен басу)</p> | <p>Саусақ жаттығуы: «Саусақтардың амандасуы» Бас бармақ өзінен басқа саусақтардың атын атап амандасады - Сәлеметсің бе, Балаң үйре - Сәлем, Ортан терек!</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|---|
| | <p>үйрек! - Сәлем, Ортан терек! - Амансыңба, Шылдыр шүмек! - Қалың қалай, Кішкене бөбек! (Бас бармақ кезекпен барлық саусақтарға ұшы тигізіп амандасады) <i>(сөйлеуді дамыту)</i></p> | <p><i>(сөйлеуді дамыту)</i></p> | <p>айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! <i>(сөйлеуді дамыту)</i></p> | <p>- Рахмет саған, құлақтарым, сендер бәрін естисіңдер. (құлақтарын ұстау) - Рахмет саған, қолдарым, сендер бәрін істейсіңдер. (шапалақтау) - Рахмет саған, аяқтарым, енді, сендер топылдатып жүресіңдер. (топылдату) <i>(сөйлеуді дамыту)</i></p> | <p>- Амансың ба, Шылдыр шүмек! - Қалың қалай, Кішкене бөбек! (Бас бармақ кезекпен барлық саусақтарға ұшы тигізіп амандасады) <i>(сөйлеуді дамыту)</i></p> |
| <p>Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p> | <p>Дене шынықтыру «Үлкен болып өсеміз» Мақсаты: Сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Ойын: «Көлбақалар»</p> | <p>Қазақ тілі күнделікті өмірде жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың аттарын білдіретін сөздердің мағынасын дұрыс айту және түсіні дағдыларын қалыптастыру; Сөздік минимум Үй жануарлары, сиыр, қой, жылқы, ит «Үй жануарларын ата» дидактикалық ойыны</p> | <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: Бір, екі, үш, бізбен бірге қайтала! (таза ауада) Мақсаты: Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Ойын: «Торғайлар мен мысықтар»</p> | <p>Музыка Мақсаты: шеңбер бойым ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілікті таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.</p> | <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ойыншықтар» Мақсаты: Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; Ойын: «Допты беріп жіберші»</p> |

| «Үй жануарлары және олардың төлдері» слайд | «Төртаяқты үй жануарлары» | ««Ақ лақ пен қара лақ» ертегісі | «Ит және оның күшіктері» | «Үй жануары - сиыр» әңгіме |
|--|--|---|--|--|
| <p>Мақсаты: Балалардың үй жануарлары және төлдері туралы білімдерін арттыру. Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу. Үй жануарларына қойлар, сиырлар, ешкілер, жылқылар, түйелер, иттер, мысықтар жатады. Бұл жануарлар бізге өте жақын өйткені олар үй жануарлары.</p> <p>(Қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>Мақсаты: «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрағына жауап беру.</p> | <p>Мақсаты: балаларды ертегі қойылымына қызығушылығын арттыру. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>Мақсаты: Сурет мазмұнына қарай әңгіме құрастыру, бала бойында сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту. Дауысты дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық Адамға серік, Күзетке берік. (Ит) Дұрыс айтасындар, расында адамға серік, үйді күзететін ол ит екен. Демонстрациялық құрал: Ит және оның күшік суреттері. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> | <p>Мақсаты: Әңгіме бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру, қыстап қалған құстарға қамқорлық жасауға, оларды баптап күте білуге тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Үй жануарлары - қолға үйретілген жануарлардың түрлері. Сондықтан кейде бұларды қолға үйретілген жануарлар деп атайды. Олар: сиыр, түйе, жылқы, қой-ешкі, мысық, ит.</p> |
| <p>Сергіту сәті «Қошақаным» әні</p> <p>(Дене шынықтыру)</p> | <p>Дидактикалық ойын: «Бантиктер»</p> <p>Мақсаты: «көп», «бір», «бірнеше» ұғымдарымен таныстыру, оларды ажырата білуге үйрету.</p> | <p>Шөре-шөре, лағым, Тентек болма, шырағым. Секектеме демінді ал Селтендемей құлағың. Марқа туған бөрте лақ Әңгімеме сал құлқк. Ойнай көрме тым ұзап: (Дене шынықтыру)</p> | <p>Ит және оның күшік суреттері. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> | <p>Ойын: «Төлін тап»</p> <p>Шарты: Балалар үй жануарларының төлдерін тауып атын атайды. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> |
| <p>Жұмбақтар</p> <p>Мақсаты: Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту</p> <p>Кішкене ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар. (қой)</p> | <p>Шарты: Үстелдің үстінде бантиктер бейнеленген карталар мен маркерлер бар, балалар баниктің түсін анықтап, оны бояу керек.</p> <p>- Бірінші бантик, екінші, үшінші, төртінші және т. б.</p> <p>- Келесі бантикті қандай түспен бояу керек деп</p> | <p>Дидактикалық ойын: «Қайсысы көп?»</p> <p>Мақсаты: біртекті лақтарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей лақты табу.</p> <p>Шарты: Қайсысы көп екенін тап және атын, түсін ата.</p> <p>(математика негіздері)</p> | <p>Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?»</p> <p>Мақсаты: Иттің дене мүшесімен таныс болу және оны сипаттай білуге үйрету.</p> <p>Шарты: қалтадағы конверт қиындыларды жылдам біріктіру арқылы ит бейнесін шығару және оған сипаттама беру.</p> | <p>Ойын: «Төлін тап» Шарты: Балалар үй жануарларының төлдерін тауып атын атайды. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Көпше түрін ата»</p> <p>Мақсаты: «Көп», «біреу» ұғымдарымен таныстыру</p> <p>Шарты: Тақтаға 1 түйе, 1 сиыр, 1 қой, 1 жылқының суреттері ілінеді. Осы суреттердің жанына әрқайсысы 2-3 түйе, сиыр,</p> |

| | | | | |
|--|---|---|---|--|
| <p>Екі айнасы бар, Екі найзасы бар, Төрт жылтырмағы бар, Бір шыбыртқысы бар. (сиыр)</p> <p>Кезікті бір жануар, Үстінде екі тауы бар. (түйе)</p> <p>Тиым сөз: Малды теппе. Ақты төкпе. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Дидактикалық ойын «Ненің төлі жоқ?»» Мақсаты: Үй жануарларын, олардың төлдерін ажырата білуге, жануарларды күте білуге, қамқорлыққа ала білуге тәрбиелеу. Ойын ережесі: Ойыншық үй жануарлары үстел үстінде тұру керек. Балалар ойыншықтарды мұқият қарап алады. Тәрбиешінің белгісі бойынша көздерін жұмады, сол кезде тәрбиеші үй жануарларын бір төлін</p> | <p>ойлайсыңдар? (қызыл, көк, қызыл, көк). - Жануарларымызға бантик тағайық. - Қызыл бантиктері бар қанша жануар және көк бантиктері бар қанша жануар бар .(4 қызыл және 4 көк). - Жануарларға мұқият қарап, оларда әлі 4 не бар екенін айтыңдар.(аяқтар)</p> <p>(математика негіздері)</p> <p>«Сыңарын тап» ойыны. Балалар бейнеленген суреттің сыңарын табуды сұрайды. Педагог балаларды екі орталыққа бөледі. Бірінші орталыққа «өрістегі малдар» тақырыбында тапсырма береді. Екінші орталықтағы балаларға бірнеше бөлікке бөлінген жануарларды құрастыру тапсырады. (қоршаған ортамен таныстыру,</p> | <p>«Лақтар» Мақта және мақта таяқшаларынан жапсыру</p> <p>Мақсаты: Желімді, щетканы дұрыс қолдануға үйрету, аппликацияға қызығушылық қалыптастыру, негізгі түстерді үйретуді жалғастыру, геометриялық фигура – шеңбер идеясын бекіту. Қараңызшы, бізге кім келді? (балалар). Олар қалай дыбыстайды? (ме-ме-ме). Балаларға ешкі шаблондары мен мақта таратады. -Балалар, қыста қатып қалмас үшін ешкі терісін жасайық. Тәрбиеші әрекеттерге түсініктеме береді: алдымен мақта жүнінің бір бөлігін жұлып алып, оны үлпілдетіп, енді оны картонға жабыстырамыз. (жапсыру)</p> | <p>(қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру)</p> <p>Сергіту сәті Терезені ашайық , Таза ауа кірсін деп . Жаттығуды жасайық , Денем мықты болсын деп. (Дене шынықтыру)</p> <p>«Итгер аулада серуендейді» Мақсаты: итті қозғалыста бейнелеу қабілетін бекіту. мүсіндеу және егжей-тегжейлі әрекетті игеруді жалғастыру; қозғалыста иттің көркем бейнесін жасау; композиция сезімін дамыту; Енді біз аулада серуендеп жүрген иттің суретін саламыз. -Сүйікті тұқымның итін қозғалыста бейнелеуге тырысыңдар-жүгіреді, жүреді, көбелекті қуады. - Балалар, қылқалам мен бояуларды қолдану ережелері туралы</p> | <p>қой және жылқының суреттері ілінеді. Балалар (сиыр-сиырлар, қой-қойлар) т.б.айтады. (математика негіздері)</p> <p>Сергіту сәті Топ-топ етіп басайық, Ауылға біз барайық. Қозыларды санайық, Бір, екі, үш деп, Санын біліп алайық. Төрт, бес, алты деп, Алақанды соғайық. (Дене шынықтыру) «Ала сиыр» Мақсаты: Үй жануарларына сиыр салуды үйрену. Сурет салу кезінде щетканы дұрыс ұстауға, сиырдың сыртқы түрінің ерекшеліктерін суретте көрсетуге үйрету. Тәрбиеші үлгіні көрсетеді, балалар оны қарастырады, бүкіл кескінді бөлікке бөледі, геометриялық пішінді анықтайды. Тәрбиеші көрсетілімге ауызша нұсқаулықпен сурет салады және түсініктеме береді. (сурет салу)</p> |
|--|---|---|---|--|

| | | | | |
|--|---|--|--|--|
| <p>тығып тастайды. Тәрбиеші ненің төлі жоқ деп сұрайды? Балалар жауап беру керек. Ойын бірнеше рет жалғастырылады.</p> <p>(математика негіздері)</p> <p>«Кішкентай қошақандар»</p> <p>Мақсаты: Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып мүсіндеуге үйрету.</p> <p>(сурет салу, мүсіндеу)</p> | <p>кұрастыру)</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>Құлыншағым Күндзіым, күлдырайды шабады. Жылтылдаған жұлдызым, Кұстай қанат қағады.</p> <p>(дене шынықтыру)</p> <p>«Құлыншақ»</p> <p>Мақсаты: заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.</p> <p>(сурет салу)</p> | | <p>ойланындар. Біз қандай щеткаларды пайдаланамыз? Сурет әдемі, ұқыпты болуы үшін қалай сурет салу керек?</p> <p>Дербес іс-әрекет кезінде жеке жұмыс жүргізіледі, композициялық шешім түзетіледі, негізгі құрылымдық компоненттер мен ұсақ бөлшектер туралы ескерту жасалады.</p> <p>(сурет салу, мүсіндеу)</p> | |
|--|---|--|--|--|

| | | | | | |
|---------------------------------|---|---|--|---|--|
| <p>Серуенге дайындық</p> | <p>Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) «Біз киініп үйренеміз» әңгіме Мақсаты: балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету. (көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет, өз-өзіне қызмет көрсету) «Ретімен шешініп, киім ауыстырып кию» Алдымен аяқ киімді шешіп сөреге қоямыз. Күртешемізді шешіп ілеміз, бас киімді орнына қоямыз. Шалбар мен жемпірімізді шешіп, топқа киетін жеңіл киімдерімізді киеміз. (сөйлеуді дамыту)</p> | | | | |
| <p>Серуен</p> | <p>Көліктерді бақылау Мақсаты: Көліктерді, олардың түстерін, түрлерін ажырата білуге үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Еңбек: Айналаны ұқыпты ұстайық. Мақсаты: Айналасын таза ұстауға тәрбиелеу. <i>(еңбек әрекеті)</i></p> <p>Жеке жұмыс Көркем сөз: Үлкен болып өскенде Машина алам мен де. Бірақ ол үшін әрине, Оқу керек күнде де. <i>(көркемәдебиет)</i> Қим. ойын: «Көліктер»</p> | <p>Боранды күнге бақылау жасау Мақсаты: Боранды күнге бақылау жасай білуге үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Еңбек: Жаңа түскен қардан жолды тазалау. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. <i>(еңбек әрекеті)</i></p> <p>Жеке жұмыс Көркем сөз: Ұстасаң - қолға ілінбес, Қарасаң - көзге көрінбес. Жүрсе ізі жоқ, Көретін көзі жоқ. Гулесе күші бар,</p> | <p>Қыстап қалатын құстарға бақылау жасау Мақсаты: қыстап қалатын құстар туралы түсінік беру. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Еңбек: Құстарға жем шашу Мақсаты: Қыстап қалатын құстарға қамқорлық жасау. <i>(еңбек әрекеті)</i></p> <p>Жеке жұмыс Көркем сөз: Қарға, қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар. Боран соқса қар болар, Бұтаға қонар қарғалар. <i>(көркем әдебиет)</i> Қим. ойын: «Аюдың</p> | <p>Қар үстіндегі іздерді бақылау. Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айыра білуге үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс Көркем сөз: Қандай суық қыс деген? Қалтырайды құс деген. Құлақшынды кимесең Құлағынды тістеген. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Еңбек: Ойын құралдарын қардан тазалау. Мақсаты: еңбекқор болуға тәрбиелеу. <i>(еңбек әрекеті)</i></p> | <p>Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу. Мақсаты: балаларға қар ұшқындарының қалай пайда болатыны жайлы айту, олардың құрылысымен таныстыру. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір-біріне өте ұқсас келеді. Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға</p> |

| | | | | | |
|--|---|--|---|---|--|
| | <p>Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, қырағылыққа баулу.</p> <p>Ойын шарты: Балалар шеңберге жиналады. Тәрбиеші шеңбердің ортасына тұрып, ойын ережесінің орындалуын бақылайды. Балалар машинаның өте жоғары жылдамдықпен жүргенін елестету арқылы «вжик» деген дыбыс шығарылады. (дене қозғалысы)</p> <p>Балалардың өзіндік іс-әрекеті.</p> | <p>Таңқаларлық ісі бар. (Боран)</p> <p>Жеке жұмыс: Жыланша ирелеңдеп жүруге үйрету.</p> <p>Қим. ойын: «Ақ қоян»</p> <p>Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.</p> <p>Ойын мазмұны: Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады.</p> <p>Ақ қоян-ау, ақ қоян, Орныңнан тұрсаңшы, Шашыңды тарасаңшы. Бетінді жусаңшы, Әй-әй көйлек кесеңші, Біреудің қолын үзсеңші- Дегенде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қос</p> | <p>апанында»</p> <p>Мақсаты: балалардың сөздік қорын дамыта отырып, қимыл-қозғалыс іскерліктерін жетілдіру.</p> <p>Ойын шарты: Бір бала бөлме ортасында орындыққа отырады. (аю) Қалған балалар бөлме ішінде ақырын жайлап басып, төмендегі өлең жолдарын қайталайды: Өне аюдың апаны, жатыр онда дәу аю. Жайлап басып барайық, саңырауқұлақ, бүлдіргенді, Білдіртпей біз алайық. Ұйықтап жатқан аюды, оятып біз алмайық. Соңғы өлең жолдарын айтқан кезде аю, оянып кетіп балаларды ұстау үшін қуады. (дене қозғалысы)</p> <p>Балалардың өзіндік іс-әрекеті..</p> | <p>Қимылды ойын: «Қасқыр мен лақтар»</p> <p>Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Шарты: Аралары 10-15 адым қашықтықта «қора» мен «өріс» сызылады. (дене қозғалысы)</p> <p>Жеке жұмыс: Жұмбақтар жасыру Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ жүреді. Аузы жоқ ұлиды. (Боран)</p> <p>Өзіндік іс-әрекет: Аққала жасау. Қалаулары бойынша ойындар.</p> | <p>айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі. қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Жеке жұмыс</p> <p>Көркем сөз: Қыста көлге мұз қатты, Табанымды мұздатты. Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Еңбек: Ойын алаңын қардан тазарту.</p> <p>Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек әрекеті)</p> <p>Қимылды ойын: «Күн мен түн»</p> <p>Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.</p> <p>Шарты: Балалар бірі «Күн», екіншісі «Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші «Күн» деп белгі берген</p> |
|--|---|--|---|---|--|

| | | | | | |
|---|--|--|---|---|---|
| | | ылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады. (дене қозғалысы) Балалардың өзіндік іс-әрекеті. | | | кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді. (дене қозғалысы) Балалардың өзіндік іс-әрекеті. |
| Серуеннен оралу | Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету: - Түймелерді ретумен ағытамыз. - Көйлек, шалбарды шешеміз, ақырын іліп қоямыз. - Көйлекті шешіп, оны шалбарға, шортиға қосып іліп қоямыз. - Аяқ киімді шешіп, екінші аяқ киімді киеміз. - Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз. (сөйлеуді дамыту, еңбек әрекеті). | | | | |
| Түскі ас | Гигиеналық шаралар: Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) «Қонжыққа қасықты қалай ұстауды үйретеміз» (сөйлеуді дамыту) | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (Вариативтік, жеке, қосымша бағдарлама) | Сюжетті-рөлді ойын: «Балабақшада» Мақсаты: тәртіптік дағдыларын бекіту, сөздіктегі сөздерді қолдану. | Сюжетті-рөлді ойын: «Дәрігер» (педиатр) Мақсаты: Балалардың дәрігер мамандығы жайлы білімдерін кеңейту, балалар | Сюжетті-рөлді ойын: «Дүкен. Жеміс-жидектер бөлімі» Мақсаты: Жеміс-жидектердің атауларын қайталау, дүкенде не | Дид. ойын: «Дәл осындай пішінді тап» Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, | Сюжетті-рөлді ойын: «Дәрігер» (педиатр) Мақсаты: Балалардың дәрігер мамандығы жайлы білімдерін кеңейту, балалар дәрігері |

| | | | | | |
|-------------------------------------|---|--|---|--|---|
| | <p>Шарты: Балалар бірі медбике,бірі кір жуушы аспаз, тәрбиеші болып бөлініп күнделікті балабақша өмірін сомдайды.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p> <p>«Ғажайып бояу»</p> <p>эксперименттік қызметі</p> <p>Мақсаты:жаңа түстерді енгізу арқылы түс туралы түсініктерді кеңейту</p> <p>(эксперименттік қызмет)</p> | <p>дәрігері (педиатр), жедел жәрдем дәрігері, окулист, тіс дәрігері т.б түрлерімен таныстыру. Топта ойынды ұйымдастыру барысында достық қарым-қатынасты нығайту.</p> <p>Шарты: дәрігер, медбике, ауру адам рөлін орындау керек. Бір бала ауру адам болады, екі бала ата-анасы болады, медбике укол салады, анасы мен әкесі балаға уколдан қорықпауға қамқорлық жасап, өздерін ата-ана рөлінде сезініп,мейрімділікке баулу.</p> <p>(сөйлеуді дамыту – ойын, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>бар екенін, қанша тұратынын, өзінің не сатып алатынын айта алуға үйрету.</p> <p>Қоғамдық орындарда қарым-қатынас жасай білуге үйрету.</p> <p>Есте сақтау қабілеттерін дамыту, сауатты жазу, оқуға дағдыландыру, ауызша сөйлеуге жаттықтыру.</p> <p>Шарты: Жеміс – жидектердің адамға деген пайдасын және оны сатушының көмегі орасан зор екені туралы білетін болады. Сатушы бала мен сатып алушы балалар болып бөлініп жемістер сатып алып ол туралы өз ойларын айтады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту – ойын, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.</p> <p>Шарты: Балалардың алдарына әр түрлі геометриялық пішіндер таратылады. Түстеріне қарап қандай геометриялық пішіндерден құралған екенін айту.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</p> | <p>(педиатр), жедел жәрдем дәрігері, окулист, тіс дәрігері т.б түрлерімен таныстыру. Топта ойынды ұйымдастыру барысында достық қарым-қатынасты нығайту.</p> <p>Шарты: дәрігер, медбике, ауру адам рөлін орындау керек. Бір бала ауру адам болады, екі бала ата-анасы болады, медбике укол салады, анасы мен әкесі балаға уколдан қорықпауға қамқорлық жасап, өздерін ата-ана рөлінде сезініп,мейрімділікке баулу.</p> <p>(сөйлеуді дамыту – ойын, қоршаған ортамен таныстыру)</p> |
| <p>Балалармен жеке жұмыс</p> | <p>Кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтуға, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекітуге жаңылтпаштар айту арқылы үйрету.</p> <p>Көктемде шөп өнер жер</p> | <p>«Менің отбасыммен бірге атап өтетін мереке» әңгіме.</p> <p>Мақсаты: балалар өз отбасындағы атап өтетін мереке туралы қысқаша әңгіме құрай білу.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p> | <p>Жұмбақ шешу арқылы ойлануға үйрету, дыбыстарды анық айтуға үйрету.</p> <p>Қонып алып жарға, Қарқылдайды</p> <p>Өзі сақ, өзі ұзын, Шықылықтап тұрмайды.</p> <p>Қарға</p> | <p>Шаңғы суретін салғызу, қарындашты дұрыс ұстауға үйрету, екі жолды сызық сала білуге үйрету.</p> <p>(сурет салу)</p> <p>Қалған балалар топтарға бөлінеді және кіші топтарда жұмыс</p> | <p>«Жабайы жануарлар» туралы әңгімелесу, орманда жабайы жануарлар мекендейтіні туралы түсінік беру.</p> <p>Суретке қарап әңгіме құрауға үйрету.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|---|
| | Мал келер, мал ерер жер. (Сөйлеуді дамыту) | туылған күнге арналған тәтті тоқаштарды мүсіндеуге үйрету. | <i>(қоршаған ортамен таныстыру)</i> | істейді. | <i>таныстыру)</i> Қалған балалар топтарға бөлінеді және кіші топтарда жұмыс істейді. |
| Ата-аналарға кеңес, балалардың үйіне қайтуы | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |
| | Ата-анаға кеңес: Балаға үйде жиі қарындаш берудің пайдасы. | Ата-анаға кеңес: «Балабақшадағы баланың киімі» | Жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу. | Ата-аналарға кеңес. «Үйқының жетіспеушілігі неге әкеледі?» | Ата-аналарға және балаларға жақсы демалуға тілек білдіру. |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|--|-----------------|-----------------|-----------------|-------------|
| Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) | Білім беру ұйымы «Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебі» КММ жанындағы «Еркетай» шағын орталығы | | | | |
| Топ/сынып | Ортаңғы топ | | | | |
| Тобы, топтың реттік саны, атауы | «Балақай» | | | | |
| Балалардың жасы | 3 жасар балалар | | | | |
| Педагогтің аты- жөні | Ескендинова Жадыра | | | | |
| Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) | 12.02-16.02.2024ж. | | | | |
| Апта күндері | <i>Дүйсенбі</i> | <i>Сейсенбі</i> | <i>Сәрсенбі</i> | <i>Бейсенбі</i> | <i>Жұма</i> |
| | 12.02 | 13.02 | 14.02 | 15.02 | 16.02 |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту) | | | | |
| Ата-аналармен | Ата-аналармен "Балаңызбен қыста серуендеуді қалайша көңілді және пайдалы етуге болады" тақырыбында | | | | |

| | | | | | |
|---|--|--|--|---|---|
| <p>әңгімелесу, кеңес беру</p> | <p>кеңестер беру; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарға жауап беру.</p> | | | | |
| <p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p> | <p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу; сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету; ересектерге көмектесуге ынталандыру. (еңбек дағдылары)</p> | <p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> | <p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> | <p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> | <p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> |
| | <p>"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне</p> | <p>"Жұп суреттер" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген</p> | <p>"Еңбек құралдарын ата" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттер. Кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың</p> | <p>"Мозаика" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың</p> | <p>"Дүкенші" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға мамандықтар туралы түсінік беру. Рольге</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|---|
| | <p>де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған нәтижені көріп, қуануға үйрету.</p> <p>- Балалар, қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе солай саласыңдар. Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады. қызыл үшбұрыш + көк үшбұрыш + сары үшбұрыш + жасыл үшбұрыш</p> | <p>заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей.</p> <p>Ойын ережесі: бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді.</p> <p>Ойын әрекеттері: бірдей суреттерді іздеу.</p> <p>(математика негіздері)</p> <p>"Кімнің қолынан не келеді?" сөздік жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың мамандықтар иелері жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру, тілін дамыту.</p> <p>- Тағам әзірлейтін</p> | <p>артикуляциясын нақтылау және бекіту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Еңбек құралдарының суреттер бойынша атауын атау.</p> <p>(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Еңбек құралдарының суретін бояу.</p> <p>(сурет салу)</p> <p>Балтаның мүсінің жасау.</p> <p>(мүсіндеу)</p> | <p>ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгігі қарап, мозаика өрнегін құрастыру.</p> <p>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары. Педагог баладан қандай пішіндерді қолданып жатқанын сұрастыра алады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</p> | <p>бөлініп ойнауға үйрету және оларды айыра білуге баулу.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p> <p>Дүкенші суретін бояу.</p> <p>(сурет салу)</p> <p>"Не артық?" үстел үсті ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды қолдануда қателерді көре білуге үйрету; байқағыштығын, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдей білу іскерлігін дамыту; еңбек құралдары туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Ойын ережесі: артық суреттің ғана бетін жабу; қажетсіз затты</p> |
|--|--|--|--|--|---|

| | | | | | |
|--|--|--|--|---|---|
| | <p>қызыл домалақ + көк домалақ + сары домалақ + жасыл домалақ қызыл шаршы + көк шаршы + сары шаршы + жасыл шаршы Педагог әр баланың орындау тәртібін бақылайды. (математика негіздері)</p> <p>"Пішіндер (екінші нұсқа)" атты мультфильмін көру. Мақсат-міндеттер. Балалардың пішіндер туралы ұғымдарының қалыптасуына мүмкіндік жасау, қоршаған заттардың қасиеттерін байқауға қызықтыру. (сөйлеуді дамыту,</p> | <p>кім? Аспаз. Би билейтін кім? Биші. Шеге қағар ... Шебер. Үй салатын... Құрылысшы. Адамды емдейтін... Дәрігер. Зат сататын... Саудагер. Шаш қиятын... Шаштараз. Іске сәт тап, жанталас. Мамандық иелерінің суреттерін көрсетіп отыруға болады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p> | | <p>"Дәрігерге не керек?" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы түсініктерін тиянақтау, қолданатын құралдарды айтқызып, сөздік қорды жетілдіру; есте сақтау, ойлау, сөйлеуді қабілеттерін дамыту. Құралдары: дәрігер және басқа мамандар қолданатын құрал- заттар немесе кесілген суреттер. Балалар дәрігерге қажет құралдарды іріктеп, атайды, не үшін қажет екендігін түсіндіруге тырысады.</p> | <p>кім тапса, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: қажетсіз затты табу және оны ақ қағазбен жабу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p> |
|--|--|--|--|---|---|

| | математика негіздері, музыка) | | | (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) | |
|--|--|---------------------------------------|--|--|--|
| Таңертеңгі жаттығу | <p>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.</p> <p>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.</p> <p>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.</p> <p>2.2. Бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.</p> <p>2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.</p> <p>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>(дене шынықтыру)</p> | | | | |
| Таңғы ас | <p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Дәмді тағам дайын, пай, пай ...</p> <p>Шақырады шебер аспаз апай (ағай)</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p> | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке | "Үй құрылысының ретін көрсет" | "Зейінді бол" дидактикалық | Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. | Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. | Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|-------------------------------------|---|--|---|---|---|
| дайындық | <p>дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>ойыны. Мақсат-міндеттер: күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу. (математика негіздері)</p> | <p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар; Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар ... Бәрін жақсы көремін Еркелеймін, еремін! (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Көк аспанда күн күлсін Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін Жерге ұдайы нұр құйсын. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күн нұрындай көңілім, Даламдай кең пейілім. Жүрегім толы мейірім, Бәріне ортақ шуағым, Қайырымды боламын. (сөйлеуді дамыту)</p> |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша | Дене шынықтыру "Ұшқыш болам самғайтын". | Дене шынықтыру "Солдат болам кезінде". | Музыка "Жүргізуші". Мақсат-міндеттер. | Дене шынықтыру "Аэродром". Мақсат-міндеттер. | Қазақ тілі «Ас бөлмесінде қандай заттар |

| | | | | | |
|---|--|---|--|--|---|
| <p>ұйымдастырылған іс-әрекет</p> | <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсуге үйрету.</p> | <p>Мақсат-міндеттер. Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдысын қалыптастыру; тура нысанға оң қолмен тік нысанаға көздеп лақтыруға үйрету; дене шынықтыру жабдықтары мен құралдарын пайдалану қызығушылықтарын арттыру.</p> | <p>Балаларды жаңа әнді тыңдап, оның сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; әнді дұрыс айту дағдысына жаттықтыру; ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасай білуге дағдыландыру; музыкалық аспаптың дыбысын ырғақты бере білуге үйрету; әнді тыңдау кезінде зейіні мен есте сақтау қабілетін және музыкалық сауаттылығын дамыту.</p> | <p>Балаларда әртүрлі бағыттарда, жылдам (10-20 метр) және баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру дағдыларын жетілдіру; үлкен допты екі қолмен тордан өткізе лақтыру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту.</p> | <p>болады?». Ыдыстар. Мақсат-міндеттер. «Ыдыс-аяқ» тақырыбындағы сөздерді қазақ тілінде айтуды, сөзде екпінді дұрыс қолдануды; есту зейіні арқылы сөздерді дұрыс атауды үйрету.</p> |
| <p>Серуенге дайындық</p> | <p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p> | | | | |

| | | | | | |
|--------|--|---|--|---|--|
| Серуен | <p>Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы, қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру. - Жапалақ қар, Армысың? Дүниеде бармысың? Қысқы дала тәуелді, Жау, жау енді! Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар! Қ. Мырзалиев Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі жемшашарларды</p> | <p>Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту. - Балалар, айналаға қараңдаршы. - Иә, айналада қар жатыр. - Аспанымыз сұр (көгілдір). - Бірақ қыста күн суық. - Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді.</p> | <p>Қарды бақылау (қардың түсі). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы қар жайындағы ұғымдарын қалыптастыру, қардың жеңіл мамықтай ұшқанын байқату; зейінін, түйсігін дамыту. - Балалар, бәрекелді! - Қараңдаршы, айналада не жатыр? - Иә, бұл - қар. Ақ мақтадай ұлпа қар Жамылыпты қырқалар. Қалың-қалың тон киіп, Маужырайды шыршалар. <i>Шәймерден</i></p> | <p>Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің соғуын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Балалар, жел соғып тұрған сияқты ма? - Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы. - Жел соғып, бізбен ойнайды, Ағаш-бұтақты шайқайды. Ары-бері шайқайды, "Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды. - Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз? - Иә, "ш-ш-ш" дейміз. - Жарайсыңдар! Еңбекке баулу</p> | <p>Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға күннің жерге жарықты шашқаны, жылу беретіні туралы айтып болғаннан кейін, балалармен бірге тақпақ айтып, қимылдарды қосылып жасауға шақырады.</p> |
|--------|--|---|--|---|--|

| | | | | | |
|--|---|--|---|---|--|
